



**ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ  
ХАБАРШЫ**

**№ 1 (35)**

**2011**



# ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ ХАБАРШЫ

№ 1 (35)



**Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы  
Мемлекеттік терминология комиссиясының бюллетені**

**№ 1 (35)**

2011 жылғы наурыз

**Құрылтайшы:**

Қазақстан Республикасының  
Мәдениет және ақпарат  
министрлігі

ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық  
келісім министрлігінде тіркеліп, тір-  
кеу туралы 2002 жылғы 27 мамырда  
№ 2993-Ж қуәлігі берілген.

*Редакциялық алқа:*

**М. Құл-Мұхаммед**  
Мемтерминком  
төрағасы

С. Абдрахманов  
Ө. Айтбайұлы  
М. Айымбетов  
Е. Әбдірәсілов  
Ж. Әбуов  
С. Әлісжанов  
Ж. Бейсенбайұлы  
С. Ибраим  
Ә. Кекілбаев  
К. Құрманәлиев  
Ш. Құрманбайұлы  
Б. Омаров  
Д. Омашұлы  
Ғ. Телебаев  
А. Щегорцова  
К. Юсуп

**Бас редактор**  
**Шерубай ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҮКІМЕТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ  
МЕМЛЕКЕТТІК ТЕРМИНОЛОГИЯ  
КОМИССИЯСЫНЫҢ  
РЕСМИ ҚҰЖАТТАРЫ**



**Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы  
Мемлекеттік терминология комиссиясының  
ШЕШІМІ**

Астана қаласы

2010 жылғы 23 желтоқсан

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы күн тәртібінде ұсынылған мәселелерді талқылай келе, **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. ҚР Парламенті Мәжілісі Аппаратының редакциялық-баспа бөлімі ұсынған заңнамалық мәтіндердегі жиі кездесетін ұялы сөздер ұсыныстар мен түзетулерді ескере отырып, бекітілсін.

2. ҚР Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің (қаржы полициясының) салалық терминологиялық жұмыс тобы ұсынған терминдер мен сөз тіркестері ұсыныстар мен түзетулерді ескере отырып, (11 сөз) бекітілсін.

**Мемлекеттік терминология  
комиссиясының төрағасы**

**М. Құл-Мұхаммед**

**Мемлекеттік терминология  
комиссиясының хатшысы**

**А. Щегорцова**

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы  
Мемлекеттік терминология комиссиясының  
2010 жылғы 23 желтоқсандағы мәжілісінде қаралып,  
бекітілген ҚР Парламенті Мәжілісі Аппаратының  
редакциялық-баспа бөлімі ұсынған  
терминдер мен сөз тіркестері**

№	Орыс тіліндегі нұсқа	Мемтерминком бекіткен нұсқа
1.	Ратификация Утверждение Скрепление Парафирование Подписание	Ратификация Бекіту Бекемдеу Дәйектеу Қол қою
2.	Оригинал Аутентичность Аутентичный Дубликат Подлинник	Түпнұсқа Тең түпнұсқалық Теңтүпнұсқалы Телнұсқа Төлнұсқа
3.	Юридическая сила	Заңдық күш
4.	Делимитация Демаркация Демаркация границы	Межелеу Шегендеу Шекараны шегендеу
5.	Хозяйство Сельское хозяйство Крестьянское (домашнее) хозяйство	Шаруашылық, қожалық Ауыл шаруашылығы Шаруа (үй) қожалығы
6.	Предмет	Нысана, пән
7.	Арест Домашний арест Арест на имущество Заключение Заключенный	Қамақ Үйқамақ Мүлікті қамаққа алу Қамау Қамалған (қамаудағы) адам
8.	Предписание Инструкция	Нұсқама Нұсқаулық
9.	Правомочие	Құқықтылық
10.	Правомерно Неправомерно	Құқыққа сыйымды Құқыққа сыйымсыз
11.	Баланс На балансе предприятия Баланс интересов Сбалансированный подход	Теңгерім, баланс Кәсіпорынның балансында Мүдделердің теңгерімі Теңгерімді көзқарас

12.	Пропорция Пропорциональный	Пропорция Пропорционалды
13.	Безвозвратность Возвратность Невозвратный Отдача	Қайтарымсыз Қайтарымды Қайтарылмайтын Қайтарым
14.	Толерантность Терпимость	Тағаттылық Төзімділік
15.	Довольствие Денежное довольствие Суточное довольствие	Рызык Ақшалай рызык Тәуліктік рызык
16.	Определение Выявление Выяснение Установление Конкретизация Уточнение Детализация Проработка Доработка Изготовление Подготовка Прояснение Разработка	Анықтама, анықтау Анықтау, табу Айқындау Белгілеу Нақтылау Дәлдік енгізу Тәптіштеу Пысықтау Толықтыру Жасау, жасап шығару Дайындау Айқындық енгізу Әзірлеу (ғылыми талдама)
17.	Правила Положение Порядок	Қағида Ереже Тәртіп, реттілік
18.	Народонаселение	Тұрғын халық
19.	Водоток Водосток	Суағын Суағар
20.	Аффилированное лицо	Үлестес тұлға
21.	Преступление Преступность Преступник	Қылмыс Қылмыскерлік Қылмыскер
22.	Разработка (құжат) Разработка (геол.) Разработка месторождения Освоение месторождения	Әзірлеу (құжат) Әзірлеу, дайындау Кен орнын әзірлеу Кен орнын игеру

23.	Процесс Процессуальный Процессуальное производство Процессуальное положение Процессуальный документ Процессуальные сроки	Процесс, үдеріс Процестік Процестік іс жүргізу  Процестік жағдай Процестік құжат Процестік мерзім
24.	Обращение (іс-әрекет)	Жүгіну
25.	Заявление (құжат)  Подать заявление Делать заявление	1. Арыз; 2. Мәлімдеме Арыз беру Мәлімдеме жасау
26.	Просьба Прошение (құжат) Прошение о помиловании Прошение об аудиенции	Өтініш  Кешірім жасау туралы өтініш Қабылдау туралы өтініш
27.	Исчисление Начисление Перечисление Отчисление Вычисление Вычет	Есептеу Есебіне жазу Аудару Аударым Есептеп шығару Шегерім
28.	Представить	1. Табыс ету; 2. Ұсыну; 3. Таныстыру
29.	Соучастие Соучастник	Сыбайласу, қатысу Сыбайлас, қатысушы
30.	Досмотр Осмотр Пересмотр	Тексеріп қарау Қарап тексеру Қайта қарау
31.	Ревизия Ревизор Ревизионная комиссия	Ревизия, тексеру Ревизор, тексеруші Ревизиялық комиссия, тексеру комиссиясы
32.	Назначения (по отдельным бюджетным программам)	Жұмсалым (қаржыға қатысты)
33.	Военный Воинский Войска	Әскери Жауынгерлік Әскер



**Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы  
Мемлекеттік терминология комиссиясының  
2010 жылғы 23 желтоқсандағы мәжілісінде қаралып,  
бекітілген Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа  
және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің  
салалық терминологиялық жұмыс тобы ұсынған  
терминдері мен сөз тіркестері**

Р/с	Терминдер мен сөз тіркестері	Мемтерминком бекіткен нұсқасы
1.	Теория социальной дезорганизации	Іріткі салу
2.	Теория дифференциальной ассоциации	Саралау
3.	Обременение	Ауыртпалық
4.	Трансферт	Трансферт (ауысу, араластыру)
5.	Подвал	Жертөле
6.	Огневая подготовка	Атыс даярлығы
7.	Справка объективка	Айғақ анықтама
8.	Дистанции пути	Жоларалық
9.	Умозрительное мышление	Пайымдау
10.	Персонифицированный	Дараландырылған
11.	Ходатайство	Қолдаухат

## ТЕРМИНОЛОГИЯНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ, ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ, ӘДІСТЕМЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

Хабаршының бұл айдарымен филология ғылымдарының докторы, профессор Шерубай Құрманбайұлының «Құрманбек Сағындықов және аударма мен терминология мәселелері», әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті журналистика факультетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты Сағатбек Медеубекұлының «Шешенсөздегі журналистік-сөзгерлік айтындар», әл-Фараби атындағы ҚазҰУ шығыстану факультеті Түркітану кафедрасының аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты Г.А. Бегімованың «Қазақ және түрік тіліндегі дипломатиялық терминдердің жасалу жолдары», Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті қазақ тілі кафедрасының аға оқытушысы К.Қ. Мұсылманбекованың «Құрылыс терминологиясының ерекшеліктері» атты мақалалары жарияланып отыр.



Ш. Құрманбайұлы,  
филология ғылымдарының докторы,  
профессор

## ҚҰРМАНБЕК САҒЫНДЫҚОВ ЖӘНЕ АУДАРМА МЕН ТЕРМИНОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Кеңестік кезеңде терминдерді аударуға, олардың жасалуы мен қалыптасуына тікелей атсалысып, өзіндік үлесін қосқан мамандардың бірі Құрманбек Сағындықов. Ол аудармамен кәсіби түрде айналысып, мемлекеттік терминология комиссиясының белсенді мүшесі ретінде өзінің және әріптестерінің қаламынан туындаған сәтті терминдерді қолданысқа енгізуге атсалысып отырған.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің жанындағы Партия тарихы институты В.И. Лениннің 55 томнан тұратын еңбектерін қазақ тіліне аудару барысында көптеген қоғамдық-саяси терминдер жасалып, қолданысқа енді. Осы істің басы-қасында болған Қ. Сағындықов сол ширек ғасырға жуық жасалған жұмыстың нәтижесі негізінде 1970 жылы «Көсемнің асыл мұрасы» (В.И. Ленин еңбектерін қазақ тіліне аудару мәселелері жайына: 1946-1969 жылдар) атты кітабын жариялады. Бұл кітапта автор 1946-1969 жылдар аралығындағы уақыттағы аударма жұмысының жай-күйін сөз етеді. Кешегі кеңестік кезеңге, пролетариат көсемі В.И. Ленинге, оның еңбектеріне деген бүгінгі қоғам көзқарасы тұрғысынан қарап, бұл еңбекті ескерусіз қалдыру дұрыс болмас еді. Кітаптың атына қарап, көсем мұрасы туралы жазылған басылым жөнінде сөз қозғаудың бүгін қандай өзектілігі бар деген түсінік туындамауға тиіс. Керісінше, ондағы аударма мен терминжасамға қатысты негізді тұжырымдарға, лингвистикалық талдауларға, қамтылған бай тілдік материалға жете назар аудару қажет деп санаймыз. Жалпы кеңестік кезең терминологиясын қарастыру барысында бір байқалғаны, көп жағдайда осы кезеңдегі терминологияны, терминжасам ісін аудармадан бөліп қарауға келе бермейді. Өйткені терминжасам жеке сала ретінде дамып, ұлт тіліндегі термин шығармашылығы мақсатты түрде қолға алынбағандықтан, жаңа терминдердің көпшілігі аударма барысында жасалып, қолданысқа еніп отырған. Құрманбек Сағындықовтың сөз болып отырған еңбегінен аударма арқылы қалыптасқан сондай бірқатар атауларды кездестіруге болады. «Мәселен, Ленин еңбектерінің бұрынғы аудармасында *колония, конкуренция, царизм, уступка, иллюзия, рыцарь, паразитизм, обыватель* деген сияқты ұғымдар орысша нұсқалары бойынша қолданылып жүрді. Жүре-келе бұларды жоғарыда аталған ретімен *отар, бәсеке, патша өкіметі, кеңшілік, жалған үміт, сері* немесе *сабаз, арамтамақтық, тоғышар* деп аударатын болдық» – деп жазады автор. Бұлардың арасынан *отар, бәсеке, патша өкіметі, тоғышар* сияқты атауларды бүгін де біз сол бастапқы қалпында қолданатын болдық. Яғни аударма

барысында пайда болған бұл атаулар тілімізден берік орын алды деуге негіз бар.

Қ. Сағындықов аталған кітабының «Терминология мәселелері» деген тақырыпшасында терминжасам, терминдердің аударылуы мен қолданысына қатысты ойларын ортаға салып, нақты мәліметтер келтіреді. Мәселен, *ұшқарылық (крайность), дайындау (заготовка), даярлау (подготовка), әзірлік (готовность), айналыс (обращение), айналым (оборот), ауыспалы айналым (кругооборот), жаттампаз (начетчик)* тәрізді терминдердің қашан жасалып, қалай қолданысқа енгендігін осы еңбек арқылы білуге болады. Бұлардың арасындағы *ұшқарылық* пен *жаттампаз* атауларынан өзгелерінің қолданысы бүгін біршама орныққан деуге болады.

Терминология тарихы үшін терминдердің жасалған уақыты, оның авторы, жасалу тәсілі, қашан қолданысқа енгендігі немесе қолданыстан не себепті шығып қалғандығының бәрі де өте маңызды. Тек терминология тарихы үшін ғана емес, терминжасам теориясы мен тәжірибесін зерттеу, жетілдіру үшін де бұл мәселелер терминтанушылар назарынан тыс қалмауға тиіс. Осы тұрғыдан қарайтын болсақ, Қ. Сағындықовтың біз сөз етіп отырған еңбегі өз кезеңінің терминжасам тәжірибесінен мол мәлімет беретіндігімен құнды. Кеңестік кезеңдегі қазақ терминологиясының өзіндік сипатын анықтайтын деректер көзі болумен қатар, автордың күні бүгінге дейін құнын жоймаған пікірлері мен ұсыныстары да аз емес. Яғни кеңестік кезеңдегі саяси-экономикалық терминдердің, қоғамдық-саяси лексиканың жасалуы мен қалыптасуын, аударманың дамуын зерттеуде мұндай еңбектерге соқпай өтуге болмайды.

Кеңестік кезеңде терминдердің қалай жасалғанын, қандай қағидаттардың басшылыққа алынғанын Қ. Сағындықов еңбегінен де көруге болады. Ол терминдер қорын қалыптастырудың бағыттары жөнінде былай деп жазады: «Қазақ тілінде жаңа терминдер жасау үш түрлі бағытта жүргізілді; біріншіден, интернационалдық терминдерді (соның ішінде орыс терминдерін), қазақ тілінде олардың дәлме-дәл тиісті балама сөздері жоқ болған кезде, аудармай алу (мәселен, *партия, революция, диктатура, пролетариат, завод* т.т.); екіншіден, шетел немесе орыс терминдерінің мағынасын дәл бере алатын қазақ сөздерін қолдану (мәселен, *класс – тап, переворот – төңкеріс, эксплуатация – қанау*, т.т.); үшіншіден, қазақ тілінің нормаларына сәйкес мүлде жаңа терминдер жасау (мәселен, *промышленность – өнеркәсіп, производство – өндіріс, изобретение – өнертабыс, кустарничество – майдагерлік, учебник – оқулық*, т.т.)».

Кітап авторының бұл жазғандарынан қазақтың терминқор қалыптастырудың бірінші бағыты ретінде «интернационалдық терминдерді, орыс терминдерін, қазақ тілінде олардың дәлме-дәл тиісті балама сөздері жоқ болған кезде, аудармай алу» қағидатын атап көрсетілуінен көп нәрсені аңғаруға болады. Интертерминдер мен орыс сөздерін аудармай алу басты бағыт ретінде белгіленіп, ал «шетел немесе орыс терминдерінің мағынасын дәл бере алатын қазақ



сөздерін қолдану» мен «жана терминдер жасау» одан кейінгі екінші, үшінші бағыт ретінде танылған. Бұл ұлт тіліндегі термин шығармашылығына басымдық берілмей, кейінгі қатарға ысырылғандығының айқын көрінісі. Мұндай бағыттың белгіленуі қазақ тіліндегі термин шығармашылығының қарқынды дамуына кедергі жасамай қалған жоқ. XX ғасыр басындағы ұлттық терминқор жасау үрдісі барынша бәсеңдеді. Өйткені терминқор қалыптастыруға деген талап өзгерді, кеңестік жана қағидат белгіленді. Аударма барысында да бұл кеңестік қағидаттар басшылыққа алынып отырған.

Аудармашы маманның терминдерді аудармай алуға қатысты кейбір деректері XX ғасырдың орта тұсындағы терминдердің қалыптасу тарихынан ақпарат беруімен қатар, кеңестік кезеңнің терминқорын жасаудағы үрдісті де көрсетеді. Ол «орыс тіліндегі *рынок, уклад, постановка, заказ, заявка* деген сияқты ұғымдар бұрын түрліше аударылып келді. Кейін, қазақ тілінде бұлардың мағынасын дәлме-дәл беретін баламалар жоқ екені әбден анықталған кезде, бұлар орысша нұсқалары бойынша қолданыла бастады. *Базар, жік, жеткізу, тапсырма, табыстама* деген сөздер жоғарыдағы орысша атаулардың мағынасын дәл бере алмайды» деп жазады. Баламалар орыс тіліндегі атаулардың мағынасын дәл бере алмаған күннің өзінде олардың орнына басқа, олардан сәттірек жасалған баламалар ұсынуға болатын еді. Термин жасау, жаңа сөз жасау шығармашылық жұмыс, сол себептен де ол жарты жолда тоқтап қалуға тиіс емес. Ал жоғарыдағы терминдерге қатысты олай дей алмаймыз, басқа балама табу, жаңа термин жасау ісі жалғаспаған. Айналып келгенде, кеңестік кезеңдегі «қазақ тілінде термин жасап әуре болғанша, орыс тілінен дайын қалпында ала салған тиімді» деген әбден орныққан, тілдің жасампаздық қабілетін шектеп, мешеулікке жетелейтін психология үстемдік еткенін көруге болады. Сондықтан автордың «қазақ тілінде бұлардың мағынасын дәлме-дәл беретін баламалар жоқ екені әбден анықталған кезде, бұлар орысша нұсқалары бойынша қолданыла бастады» деген пікірі өз уақытының шындығын көрсетіп тұрғанымен, онымен келісу қиын. «Балама жоқ екендігі әбден анықталған кезде» деген сөздің астарында енді бұл атауларға балама іздеудің қажеті жоқ деген тұжырым жатқанын байқауға болады. Алайда қазақ тіліндегі термин шығармашылығы біршама жандана бастаған 90-жылдардан бергі кезеңде осы бес атаудың төртеуінің қазақша баламасы орнығып, тілімізде *нарық, қойылым, тапсырыс, өтінім* түрінде біркелкі қолданыла бастады. Осы мысалдардан-ақ аталған терминдердің жаңа баламалары ізделінбей орыс тіліндегі нұсқаларын қолдануға қайта көшудің негізсіз болғанын аңғару қиынға соқпайды. Жоғарыдағы аталған бес терминнің ішінен «уклад» терминін ғана тарихшылар сол қалпында қолданып жүр. Бұл «уклад» сөзі баламасыз қолдануды қажет ететін, басқа тілде мағынасын беретін сөз табу мүмкін болмайтын айрықша атау дегенді білдірмейді. Кірме терминді тарихшы, қоғамтанушы мамандардың қазақша баламамен алмастыруды, термин жасауды мақсат етпеуіне немесе ұтымды термин жасай алмауына байланысты

қолданыста қалып отыр. Әйтпесе, бұл терминнің де қазақша баламасы жасалып, қолданыста жүруі мүмкін еді. Алдағы уақытта да «уклад» терминінің қазақша нұсқасы жасалып, қолданысқа түсу мүмкіндігін жоққа шығаруға болмайды. Термин шығармашылығы үздіксіз жүріп жататын үдеріс. Ең бастысы, осы шығармашылық үдерістің үздіксіз дамып, жоғары кәсіби деңгейде жүзеге асып жатуы.

Терминдердің жарыса қолданылып барып, бірізге түсуі де табиғи құбылыс. Автор 50-60-жылдары «*постановление, резолюция, решение* деген ұғымдардың қазақша орнықты баламалары *қаулы, қарар, шешім* тұрса да, бұларды бір-бірімен шатастырушылар әлі күнге дейін табылады» деп жазса, бүгін бұл терминдер бірізді қолданылатын болды. Сөз болып отырған кезеңде *договор, мастер, мастерская* деген атаулар бірде аударылмай, бірде *шарт, шебер, шеберхана* түрінде олардың қазақша баламаларының қолданылғанын да автор осы еңбегінде атап көрсетеді. Ал қазір бұл терминдердің де қазақша нұсқалары тұрақты қолданылатын, тілде орныққан атаулар қатарына енді.

Қ. Сағындықов терминология мәселелері туралы сөз еткенде «*соотношение, удельный вес, положение, правило* сияқты түрліше аударылып жүрген терминдерді әрқашан да қазақша *арақатынасы* немесе *арасалмағы, үлес салмағы, қағида, ереже* деген сөздермен беру керек» деп жазған еді. Бұл терминдердің арасында да күні бүгінге дейін қолданысы бір ізге түсе алмай келе жатқандары бар. Олар – *қағида* мен *ереже*. Бұл екі атау әлі де бірінің орнына бірі жұмсалады немесе көпшілік жағдайда орыс тіліндегі *положение, правило* деген екі атаудың орнын қазақ тіліндегі бір ғана «ереже» сөзі алмастырып жүр. Мысалы, *жол қозғалысы ережелері* (правила дорожного движения), *мінез-құлық ережелері* (правила поведения), *жалпы ережелер* (общие положения), *тұрпатты ереже* (типовое положение), *Конституция ережелері* (положения Конституции), *негізгі қағидалар* (основные положения) т.б. Жарты ғасырға жуық уақыттан бері бұл терминдердің бірінің орнына бірі жұмсалып, ұзақ жылдар бойы қолданысы ретке келтірілмей отыруы терминологиялық жұмыстардың тиісті деңгейде жүргізілмей келгендігімен тығыз байланысты. Мамандар 60-жылдардың аяғында көтерген мәселе әлі шешімін таппай отырғандығына басқаша себеп-сылтау іздеп жатудың еш реті жоқ. Керісінше, кез келген салада өте жиі қолданылатын осы екі атауды жарыстырып қоймай, мемтерминкомда қарап бекітіп, қолданысын ретке келтірмей болмайды.

Аудармашы маман кейбір сөздердің аудармасына қарсы болған еді. Мәселен, ол *гонорар, коллега* сөздерінің аудармасына қатысты пікірін былай деп білдіреді: «*гонорар, коллега* деген ұғымдарды аудармай қолданған жөн. Бұлай дейтініміз, қалам ақы «гонорардың» төлеуі бола алмайды. Өйткені жазушы өнерімен айналысатын адамдар (жазушы, адвокат) жөнінде бұл дұрыс болғанымен, буржуазиялық елдерде жұртты емдегені үшін алатын дәрігердің гонорарын «қалам ақы» деп аудару дұрыс емес. Сол сияқты «әріптес» деген



қазақ сөзі «коллеганын» толық баламасы бола алмайды. Мағынасы жағынан бұл сөз (әріптес) *партнер, напарник* деген ұғымдарға анағұрлым жақын».

Айтылған пікірдің жаны бар. Бірақ ол абсолютті балама іздеудің үнемі орындала беретін талап емес екендігін ескермеген сияқты. Сөздің мағынасында ұғым белгілерінің бәрін тұтас қамту қиынның қиыны. Сөз мағынасының тарылту мен кеңейту, ұғым мазмұнын дәл қамтымаса да мағынасы жақын сөздерге қосымша мағына үстеу арқылы да жаңа сөз жасау сөзжасам үдерісінде болып жататын құбылыс екендігі белгілі. «Қаламақы», «әріптес» атауларының жасалуынан да осыны аңғаруға болады. Жасалған кезде жаңа сөздер ұғымның бірқатар маңызды белгілерін қамтыған. Сол себептен де бірден болмаса да, уақыт өте келе оларды жұртшылық қабылдағандықтан, тілдік қолданысқа енгендігінің куәсі болып отырмыз.

Қ. Сағындықовтың білікті кәсіби аудармашы ретінде әр терминнің өз мағына сәйкес қолданылуы мен бірінің орнына екіншісі жұмсала беретін атаулардың мағыналарының аражігін ажыратып қолдануға мән бергендігі еңбегінің өн бойынан үнемі көрініп отырады. Оның сондай пікірлерінің бірін мысалға келтіруге болады. Мәселен: «Орыс тіліндегі уақыт өлшемін білдіретін *эра, эпоха, период, этап, момент* сияқты орайлас атауларды аударуда да бір ізділік болмай отыр. Мәселен «эпоха» дегенді «заман» деп те, «дәуір» деп те алып жүрміз. Бұл, әрине, дұрыс емес. Өйткені аталған термин сөздердің байыбына баратын болсақ, мағыналық аумағы мен тарихи өлшемі жағынан эра эпохадан, эпоха периодтан, период этаптан, этап моменттен үлкен. *Қазақтың замана, заман, дәуір, кезең, кез* деген сөздері жөнінде де осыны айтуға болады. Егер тіл мамандары, әдебиетшілер мен аудармашылар: *эра – замана, эпоха – заман, период – дәуір, этап – кезең, момент – кез* болсын деп бір пікірге келер болса, бұдан пайдадан басқа ешқандай зиян болмас еді» – деп жазады автор. Уақыт өлшеміне қатысты атаулардың қолданысын біріздендіру мәселесі өте орынды көтерілген. Өкінішке қарай, бұл атаулардың қолданысы әлі де бір ізге түсе алмай келеді.

Қазақ тілінің қолданыс аясы мейлінше тарылып, ұлт тіліндегі термин шығармашылығы тұралаған кеңестік кезеңде де бірқатар жаңа сөздер, терминдер жасалды. Ол жөнінде кітап авторы былай деп жазыпты: «Қазақ тілінің нормаларына сәйкес ғылыми-творчестволық жолмен сан алуан жаңа сөздер жасалды. *Өнеркәсіп, өндіріс, өнертабыс, майдагерлік, кәсіпкер, өсімқор, айналым, айналыс, өнім, тұтыну, қажеттілік, ұсыныс, сұраныс, оқулық, иелік, құн, өзіндік құн, қосымша құн, жалақы, еңбеккүн* сияқты тыңнан жасалған терминдер мен ұғымдар шын мәнінде тілімізді едәуір байытып отыр».

Мұндай атаулардың тілімізді байытқаны талас тудырмайды. Маманның бұл пікіріне біз де қосыламыз. Алайда автор сөз етіп отырған ширек ғасырды қамтитын уақыт аралығында қолданысқа енген 20-30 сөзді сан алуан жаңа сөздер жасалды деп көпсіне алмасымыз анық. Әрине, ол кезеңдегі идеология

мен тіл саясатын, қазақ тіліне деген орталықтың көзқарасын ескерсек, мұның өзін аз ғана ұлтжанды мамандардың қолымен жасалған үлкен жұмыс деп бағалаған дұрыс болар. Дегенмен, тілімізге сол кезеңде орыс тіліндегі қалпын сақтап жүздеп, мыңдап еніп жатқан кірме терминдермен салыстырғанда жоғарыдағыдай қазақша жасалған сөздер теңізге тамған тамшыдай еді. Сол тамшының тамуына себепкер болған Қ. Сағындықов секілді ұлт зиялыларының еңбегін ерекше бағалай отырып, жалпы алғанда қазақ тілінде термин жасау ісінің ауыз толтырып айтарлықтай қарқын ала алмағанын айту керек.

*Сағындықов Қ. Көсемнің асыл мұрасы. (В.И. Ленин еңбектерін қазақ тіліне аудару мәселелері жайында: 1946-1969 жылдар). Алматы, 1970. – 208 б.*



Сағатбек Медеубекұлы,

*ф.ғ.к., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
журналистика факультетінің доценті***ШЕШЕНСӨЗДЕГІ ЖУРНАЛИСТІК-СӨЗГЕРЛІК АЙТЫНДАР**

Шешенсөздің кәсіби түрі дегенде біз журналистика саласында жылдар бойы шығармашылық ізденулер нәтижесінде дүниеге келген және әр заман талабы мен ұрпақ талғамы мен танымына орай екшеліп, қалыптасып, қоғамдық санаға қозғау салуға қолданылатын ауызша айту арқылы жүзеге асып келе жатқан айтындарды айтамыз. Ауызша публицистиканың, яғни шешенсөздің көсемсөзде яғни жазба публицистикада қолданыла келе тұрақталған, жанр боп орныққан түрлерін иемденуі нәтижесінде радио және теле журналистикада еркін қолданылып жүрген түрлері бар. Олардың қатарында әрине сырашар (интервью), сұхбат (беседа), аңғарат (заметка), оқиғат (репортаж), хабарат (сообщение), жанағат (новость) бар. Біз солардың болмысына тоқталамыз.

*Сырашар, яғни интервью* – журналистің айтушымен бетпе-бет отырып немесе телефонмен белгілі бір қоғамдық мәселеге қатысты сұрақ қою және оған тікелей жауап алу арқылы тыңдаушының санасына қозғау салу әрекетін жүзеге асыратын айтын. Мұнда журналист немесе айташы тек сұрақ қоюшы және сол сұраққа жауап алушы ролін атқарады. Журналист жауап берушінің қозғалған мәселеге қатысты не ойлайтынын, қандай пікірі барын біле отырып, бұқараның да ойына ой салуды көздейді. Жауап берушінің кері қойған сұрағына жауап беруге міндетті емес. Интервьюдің әу бастапқы қызметі сұралманның сырын білу болатын.

Батыстық үлгіні, американдық нұсқаны «озық мәдениет» деп білетін біздің кейбір білермендеріміз «халықаралық аталымдарды аударуға болмайды» деп кесіп айтып жатады. Тілдік үрдіс күн сайын толығып, күн сайын жаңғырып отырады. Тілдік айналымға түскен шет тілдік аталым уақыт өте келе пішіндік өзгеріске түсуі әбден мүмкін. Сондықтан «болмайды» деп кесіп айтпас бұрын, аударуға келсе, аударып көру қажет. Аударма сәтті шықса, ол ана тілінің заңдылықтарына қайшы келмесе, «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп, айналасы теп-тегіс жұмыр келіп жатса», оны неге теріс көруіміз керек?! Мысалы, «мұражай», «мұрағат», «мәтін», «әнұран», елтаңда», «әуежай» деген сөздер алғаш тосындау естіліп еді, қазір тілімізге сіңісіп кетті. Мұндай тілімізге соңғы екі-үш жыл арасында тілімізге сіңісті болып кеткен сөздер қатары көбейіп келеді. «Халықаралық аталым» екен деп қабылдай берсек, күндердің бір күнінде өз ана тілімізден ажырап қаламыз. Өйткені, қазіргі жаһандану үрдісі сырттан кім-көрінгеннің заттық-рухтық ұғым-түсініктерін жапатармағай енгізіп жатыр. Осы тұста шет мемлекеттердің ұлт тілін сақтауға байланысты жасап жатқан тірліктері бізді де ойландыруға тиіс. Мысалы, қытай, жапон, корей, араб,

үнді тілдерінде *атом, газ, цех, йод, цемент* деген сөздерді кездестіре алмайды екенбіз. Австрия, Бельгия, Германия, Швейцария елдері біртұтас герман тілін сақтап қалу үшін сонау өткен ғасырдың 70-жылдары-ақ «Арнаулы мақсағтар тілі» деген жобамен сырт мемлекеттер аталымдарын неміс тіліне аударып барып қолдануды қолға алған. Чехтар бұдан бұрын қимылдап, 30-жылдардан бастап неміс және латын, грек тілдерінен енген аталымдарды алмастыратын чех тіліндегі баламаларын жасаумен айналысқан. 1932 жылы Ататүрктің бастамасымен «Түрік тілі қоғамы» құрылып, сол кезде басталған түрік тілінде ғана аталым жасау ісі бүгінге дейін жалғасып келеді. Оны айтасыз, кешегі коммунистік темір құрсаудың ішінде болған, орыстандыру саясатының салқыны тиген моңғолдар біз «лэппайтақсырлап» аузымыздан тастамайтын, айтпасақ ана тіліміздің тамыры үзілердей көріп қалған *микро-, авиа-, анти-, контр-, транс-, моно-, гидро-, нео-, граф-, грамма-, гипер-, супер-, ультра-, архи-* деген грек және латын тілдерінен енген аталымдық қосымшаларды ұлт тіліне аударып барып қолданады. Мысалы, олар «микроскоп» дегенді *бичил харуур*; «макроструктура» дегенді *улэмж бутэц*; «монография» дегенді *ганц сэдэвт*; «моносемия» дегенді *ганц утгат* деп ғылыми айналымға түсірген. Одан ұлт тілдері ұтылып отырған жоқ, қайта дербестігін сақтап келеді.

Рас, дәл мағынасын беретін баламасы тілімізде жоқ, бірақ аса қажет болған соң кей сөзді, амалсыз аудармай қабылдауға тура келеді. Аударуға мүмкіндік бермей бірден қолданысқа еніп кететін аталымдар уақыт өте келе өз аудармаларын табатыны кәміл.

Өз баламасын көптен күткен халықаралық аталым санатындағы сөздің бірі – «интервью». Бұл сөздің айтылуы қазақ тілінің ішкі қалыптарына келмейді. Өйткені қазақ тілінде жіңішкелік белгі де, «ю» деген әріп те жоқ. Және ол дыбыстар қатар келетін сөз де жоқ. Егер бұл аталымның мағынасын іздеп көрсек, «ішкі ойды білу», «көкейдегіні сыртқа шығарту», «сыр ашу». Демек, бұл терминнің қазақша баламасы кейбір ақпарат құралдары пайдаланып жүргендей – «*сырашар*» деп аталғаны көңілге қонымды. Егер кәсіби айқындамасын айтсақ, **сырашар** дегеніміз – **жеке тұлғаның қоғам туралы, сол қоғамда өмір сүріп отырған өзі туралы, болмаса қоғамда болған оқиға туралы пікірін қойылған сұраққа жауап алу арқылы білу мақсатынан туған журналистік жарияланым. Біреудің ішкі ойын сұрақ қоя отырып сыртқа шығарту мақсатынан туған замансөздік туынды. Демек, журналист белгілі бір тұлғаның ішкі сырын жұртқа жария ету пиғылымен оған сұрақ қояды, қойған сұрағына жауап алуға тырысады. Оның мақсаты – әлгі адамның сырын ашу. Тегінде журналист айтарманына ішіне сақтап жүрген сырын айтқызу үшін сұрақ қояды. Сол сұрақтарына алған жауабын бұқаралық ақпарат құралдарына жарияласа, ол жарияланым қазақ тілінде «сырашар» деп аталады. Сырашардың халықтық түрі күнделікті өмірде қайталанып тұрады. Қоғамнан тыс өмір сүре алмайтын адамдар бір-біріне сұрақ қойып, одан жауап алып, белгілі бір мәселе**





жөнінде пікірін біліп, болған оқиға жөнінде ойын танып тұрады. Осының бұқараға жария болған нұсқалары сұрыптала, екшеле келе *сырашар* айтыны қалыптасады. Қазір радиода да, теледидарда да сырашар жиі қолданылады.

### **Сұхбат**

Журналистикада бұрыннан бар термин. Бірақ мұны кей зерттеушілер, сондай-ақ журналистердің өзі кей жерде «интервью» дегеннің орнына қолданып жүр. Бұл біздіңше бір сөз болса да ана тілінде болса деген ойдың нәтижесі болса керек. Бірақ сұхбат әу бастағы қазақы мағынасында екі немесе одан да көп (ары кетсе эфир уақытының шектеулілігіне байланысты үш, төрт) адамның қоғам алдында қордаланып қалған өзекті мәселе төңірегінде өз пікірлерін ортаға салуы. Мұнда ортадағы айташы таңдалған тақырыпқа жетелеп отырушы ролін атқарады да айтушылар сол тақырып төңірегінде бір-бірінің пікіріне қосылатынын не қосылмайтынын айта отырып, өз тұжырымын ортаға тастайды. Бастамасын да, қыздырмасын да, қорытпасын да журналист яғни айташы өзі жасайды. Сұхбат екі адамның ортасында да бола береді. Мұндайда біреуі бастамашы болады яғни айташы ролін атқарады.

### **Аңғарат**

XX ғасырдың бас кезінен бастап аталым шығармашылығымен айналысқан және ол істің жай-күйін жақсы білген Алаш зиялылары сырттан келген атаулар мен аталымдарды қазақыландыру кезінде бірнеше әдісті қолданды: біріншіден, тілдік қорымызда бар дайын баламаларды қажетке жарату; екіншіден, мағынасын қазақ тіліне дәл аудару арқылы жаңа сөз жасау; үшіншіден, бөтен сөзді ана тіліміздің дыбыстық болмысына икемдеп барып қабылдау. Шамғали Сарыбаев аталым туралы пікірталаста «жат сөздерді тіл заңына бағындырғанда, қара халық бағындырады, соны үлгі қылу керек... Кей біреулер термин мәселесінде «шет жұрттарда былай ғой, біз де сүйте салайық» дейді. Ондай сүйейсалды сөздерді қойып, алдымен қазақ тілін жете білу керек. Соның заңына қарай іс қылу керек» (1) депті. Бір қызығы – Ахмет Байтұрсынов бастаған Қазақ білім кемесісі сырттан келген аталымдарды жапатармағай сол қалпы қабылдамаған. Тіпті «ура» деген сөзді «Алаш» деп аударғаны үшін Ахметке саяси айып тағуға дейін барған Сәбит Мұқановтың өзі: «Сингармонизм» деуге тіл сынса, терминдеріміз бара-бара жүректі сындыруға айналды» (2) деген еді. Тіл майыстырып, жүрек «сындыратын» сырттан енген кейбір аталымдар ұлт санасына сіңісе алмай әлі күнге сөйлемдерімізді шұбарлап келеді. Терминтанушы ғалымдар ұлт тілінде аталым түзу, сөзжасам, терминқор қалыптастыру жөнінде былай дейді: «*Ұзақ жылдар бойы өзге тілді үлгі тұтып, өз тіліміздің мүмкіндіктерін шектеп келгендіктен, бізде қазір термин шығармашылығы жоғары кәсіби деңгейде жүргізіле алмай келеді. Жалтыкеңестік терминқор қалыптастыру кезеңінде Ахаңдардан басталған ұлт тілінде термин жасау дәстүрі жалғасын таппай, термин шығармашылығы тоқырауға ұшырады. Біз өзіміз термин жасауға емес, негізінен өзгелердің жасаған дайын терминдерін қабылдауға дағдыландық...*

Ұлттық терминқор қалыптастырудағы жақсы дәстүр жалғасын тапса екен дейміз. Дәстүр сабақтастығы сақталған жерде іс ілгері басып, тәжірибе жинақталары сөзсіз», – дейді (3). Олай болса бұл істі қолға алуды әлдекімдерден немесе сырттан күтпей әр сала мамандарының өздері кіріскені абзал деп ұғамыз. Өйткені, кәсіби маман ғана өз ісіндегі ұғымдарды толық түсінеді, қандай мағына беру керек екенін біледі. Ұғым мен мағына тоғысқан сөзді іздеу немесе жасау нақты тәжірибемен айналысатын адамдардың қолынан жеңіл жүзеге асатыны сөзсіз. Мысалға біз сөз етіп отырған қазақ публицистикасының бір жанры «заметка» деп аталады. Бұл орыстың «заметить» деген сөзінен алынған. Өзі үш түрлі мағынада қолданылады: 1. көріп қалу, байқап қалу; 2. есінде қалдыру, қаперге алу; 3. белгілеп алу. Осылардың бәрінің мағыналық жүгін қазақтың бір ғана «аңғару» деген сөзі көтере алады. Қазақ тілінде «аңғар» сөзі үш түрлі затесімдік мағына береді: 1. Тау аралығы, сай сала; 2. Ыңғай, рет, жай; 3. қамба. Бізге қажеті және біздің кәсіби ұғымымызға сәйкес келетіні етістік мәнді; 4. «аңғар» сөзі. Бұл мән-жайды түсіну, байқау деген мағына береді.

Осы бір ғана «аңғар» етістігінен: *аңғарғыш, аңғарғыштық, аңғарла, аңғарлы, аңғарлылық, аңғарсыз, аңғарт, аңғартқызу, аңғарту, аңғартусыз, аңғартыл, аңғару, аңғарушы, аңғарушылық, аңғарулы, аңғарусыз, аңғаруынша, аңғарыл, аңғарым, аңғарымды, аңғарымдылық, аңғарымпаз, аңғарымпаздық, аңғарыс* деген сөздер түрленіп шығып тұр. Ал енді осындай мәндегі «байқа» сөзін алсақ, оның тіліміздегі түрленісі дәл «аңғар» сөзімен бірдей емес. Көз жеткізу үшін тізіп көрелік: *байқа, байқағыш, байқағыштық, байқал, байқалт, байқалу, байқам, байқамдық, байқампаз, байқампаздық, байқап-байқап, байқас, байқаста, байқастау, байқастыр, байқасу, байқат, байқатқыз, байқатқызу, байқаттыр, байқату, байқау, байқаулы, байқаусыз, байқаусызда, байқаушы, байқаушылық* деген сөздер түрленген. Мәселе түрленген сөздің санында емес, солардың орыстың «заметить» деген сөзінің мағынасын дәл ашып беруінде. Жоғарыдағы «аңғар» етістігінен өрбіген сөздер бір түбірден таралып, бастапқы мағынасынан алшақтамаған. Ал «байқа» етістігі басқа да мағыналарға ие болған. Мысалы, 1. «байқам»; Бұл «аңғарым» дегенмен бірдей. Бұл мағынасында «заметка» дегенге жақындайды. Дегенмен «аңғарым», «байқам» дегендердің астарында іс әрекет қана көрініс табады. Біріншіден, бізге қажеті – сол аңғарымның немесе байқамның жұртқа жария болған болмысы. «Мынау – менің аңғарымым» немесе «мынау ақсақалдың байқамы» десек, сол аңғарымның я байқамның бұқараға жарияланған шешенсөздік нұсқасын қалай атаймыз? Екіншіден, «байқа» дегеннің «абайла» деген де мағынасы бар. Үшіншіден, «байқау» сөзі орыстың «смотреть» деген сөзінің баламасы ретінде тілімізге орнығып қалған. Сондықтан «байқа», «байқау» етістігінен туындаған «байқам» зат есімі «заметка» дегенге қазақша балама ретінде орныға алмауы мүмкін. Орныға алмайтын тағы бір себебі – термин яғни аталым бір өзі бірнеше мағына беретін сөзден тұрмау керек.





Біздіңше, «заметка» дегеннің қазақша баламасы басқаша жасалуы қажет.

Журналист көргенінен, естігенінен, тыңдағанынан, оқығанынан көпшілікке аса керекті бір жайды *аңғарып* қалды. Сол жөнінде қысқа ғана *ақпарат* бере отырып мәселенің мәнін бұқараға білдірді. Бұл жарияланым «аңғарат» деп аталады. Мазмұндық әрі пішіндік жағынан «заметка» дегеннің орнына дәл келетін бұл айтылғаның мағынасы аңғарғаннан туындаған ақпарат (*аңғар + ақпарат=аңғарат*) немесе аңғару арқылы дүниеге келген лұғат (*аңғар+лұғат=аңғарат*) деп түсінген абзал. Аңғарат радио мен телевидениеде шешенсөз айтыны ретінде қолданылады. Айтушы немесе журналист қоғамда болып жатқан оқиғалар немесе құбылыстар туралы айта келіп өз пайымын, тұжырымын, көзқарасын қысқаша білдіреді. Сол арқылы қоғамдық пікір туғызға ұмтылады. Оны өзі тікелей эфир арқылы жұртқа жария қылады. Осы аңғараттың халықтық үлгісі бар ма? Әрине бар. Мұны көзі қарақты кез келген адам жиналған қауымның алдында айтады. Өзі өмір сүрген ортада болған жайға айта келе соған қатысты жеке пікірін білдіріп, неге олай ойлайтынын да ортаға, көпшілік назарына тастайды. Сөйтіп ол оқиға туралы қоғамдық пікірдің тууына себепші болады. Аңғарат кез келген жерде айтыла бермейді. Тыңдаушы орта қажетсінгенде немесе болған оқиға туралы сөз қозғалғанда дүниеге келеді. Аңғаратты ел санасына сіңімді үлгіде жеткізу үшін айтушының өзі көзіқарақты және айта білетін, тиянақты ой түйе алатын адам болуы керек.

### *Хабар және хабарат*

Шешенсөздің ең ұшқыр айтындарының бірі. Қоғамда *болатын* оқиға (шара, жарыс, кездесу, ойжиын, концерт, жиналыс, мәжіліс, т.б.) жөніндегі мәліметтердің алдынала қысқаша айтылған жиынтығы. Хабардың ауызша пішіні дер кезінде хатқа түсірілмегендіктен, классикалық үлгі сақталмаған. Бірақ хабаршылар ақпарат жеткізудің дәстүрлі халықтық пішінін сақтап отырған. Көбінесе ақпарат беруші нені, қалай айт дейді, хабаршы дәл солай жеткізеді. Хабар оқиғаның тек болатынын ғана жеткізеді, сонымен бірге оқиғаның жалпы жұртқа қатысы және ортақ мәні болғанда ғана таратылады. Оқиға естіген жұртты елең еткізетін, көңіл аударатын және соған тікелей де, жанама да қатысы бар болғанда ғана хабар пәрменді. Қоғамдық мәні яки жалпы жұртқа қатысы болмаса айтыла салған хабарға жұрт құлақ аса бермеген. «*Хабарат*» деп біз айташының, айтаманның, айтушының, айтарманның эфир арқылы тыңдармандарға немесе көрермендерге өмірде болған оқиға, құбылыс, әрекет, атқарылған жұмыс, істелген істер жөнінде қысқа да нұсқа деректі түрде айтуы. Бұл қалыптасқан тілдік қолданыста «хабар» деп те аталып жүр. Әрине, осылай айтыла берсе де артық емес деп немқұрайды қарауға да болады. Бірақ біріншіден, қазақ болатын істі күнібұрын хабарлайды. Арнайы хабаршы арқылы хабар айттырады. Яғни келешекте болатын шара (қыз ұзату, келін түсіру, той жасау, ас беру т.б.) туралы алдынала айтылатын таратылатын ақпаратты «хабар» дейді. Хабар шара өтіп кеткеннен кейін берілмейді. Екіншіден, ғылыми қисын мына жайтты да алға

тартқысы келеді. «Хабар» дегенді орыс тіліне аударсақ, оның бірнеше мағынасы барын білеміз: 1. весть; 2. известие; 3. сообщение; 4. осведомленность. 5. теле-радиожурналистикада «передача» дегеннің де мағынасын береді. 6. Оповещение. 7. Информация. (4) Бұлардың әрқайсысының жеке-дара мағыналық атқаратын өз жүгі бар. Дегенмен, кәсіби аталым, ғылыми термин қалыптастыру үшін басы ашық, бір мағына беретін сөз қолдану керектігін ескерсек, ауызша публицистиканың теориясында басқа мағыналас сөздермен шатастырмас үшін жаңа термин қабылдануы тиіс. Болатын жай туралы хабар әр жерде айтылуы мүмкін. Болатын бір ғана шара туралы ақпараттың «хабарландыру» деген атауы да бар. Бірақ бұл насихаттық қызмет емес, жарнамалық мағынада, жарлау мәнінде айтылады және кәсіби мәнінен гөрі бұқаралық сипаты басым. Ал арнайы ақпарат құралдары арқылы жалпы жұртқа кәсіби шығармашылық сарабынан өтіп барып жария болған бұл айтынды «*хабарат*» десек дұрыс болар еді.

### *Жаңалық және жаңағам*

Бұрын-соңды болмаған, ешкім естімеген және көрмеген істің, оқиғаның *болғанын*, тың ойдың жүзеге асқанын бұқараға жеткізу, тарату мақсатында дүниеге келген айтындар жиынтығын «*жаңалық*» деп жүрміз.

Өркениеттік даму сатысына көтерілген сайын, әлеуметтік қатынастар, саяси-экономикалық үрдістер күрделенген сайын сәт сайын қоғамда жаңа істер жүзеге асып жатады. Осы жаңа істер жөніндегі ақпаратты «жаңалық» деп атау қаншалықты қисынды? «Санаға сіңісті болып кетті ғой, оны бұзып қайтеміз» деген желеумен елемеуге де болар еді. Бірақ мына жағдайды да ескермесе болмайды. Өнеркәсіп орнында бір мамаң бұрын еш жерде болмаған құрал ойлап тауып, өндіріске қосты. Бұл – өнеркәсіптегі жаңалық. Математика ғылымында бір ғалым жаңа теорема ойлап тауып, ғылыми айналымға ұсынды. Бұған дейін мұндай теорема әлемде болмаған. Бұл да жаңалық. Бұлар туралы тек авторлар мен соның айналасындағылар ғана біледі. Бірақ мұндай жаңалықты барша жұрт, бүкіл әлем білуі керек қой. Ендеше мұны ақпарат құралдары арқылы айту керек, жұртқа жариялау қажет. «Жаңалық» деген атаудың айқасөзі (антонимі) – «ескілік». Жаңалық дегеніміз өмірге соңғы сәтте дүниеге келген болмыс, құбылыс, жаңа әрекеттер қорытындысы. Демек, өмірдің кез келген саласында болып жатқан тың өзгерістердің бәріне, бұрын ешқашан болмаған, соңғы сәтте ғана ашылған құбылыстарға, табылған өнертабыстарға, жаңа нәрселерге қойылатын жалпы атау – жаңалық. Журналистикадағы жаңалық пен өнеркәсіптегі, ғылымдағы жаңалықтардың мәні мен мағынасы екі басқа. Мысалы, орыс тілінде бұрын-соңды болмаған істің дүниеге келуін «открытие», «новшество» және «новое» деп те атайды. Қазақ тілінде ол сөздердің дәл баламасы болмаған соң бәрін бір-ақ сөзбен «жаңалық» деп атап кеткен. Бір сөздің бірнеше мағынасы болса ол термин ретінде санаға сіңісті болып кете алмайды. Әр кәсіптің өзіндік ерекшелігіне қарай даралық сипаты, тұлғалық өзгешелігі бар термині де болуы керек. Сондықтан, ақпарат құралдары арқылы жаңалық





туралы берілетін журналистік-сөзгерлік көрсетілім немесе айтылымның, яғни жарияланымның кәсіби аталымы «жаңағат» болғаны орынды деп білеміз. (Бұл атауды газет-журналда да қолдануға әбден болады.) Яғни болатын емес, *соңғы сәтте болған немесе болып жатқан іс* туралы *жарияланған* тың ақпараттар жиынтығын жаңағат дейміз. Жаңағат жанрының кәсіби ерекшеліктері – мақсаты, қызметі, дайындалу, айтылу, берілу әдіс-тәсілдері телерадиожурналистикада қалыптасып, санаға сіңісті болып кеткен. Оны кәсіби терминмен атау бұл салаға ғылыми баға беріп, ерекшелігін айқындап, әдіс-тәсілдерін үйрену, машықтану және оларды оқыту үшін керек.

### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Орысша-қазақша әскерлік атаулары. Екінші басылымы. Кириллицаға түсіріп, алғысөзін жазған Ш. Құрманбайұлы). – Астана, 2005. 7-б.
2. Орысша-қазақша әскерлік атаулары. Екінші басылымы. (Кириллицаға түсіріп, алғысөзін жазған Ш. Құрманбайұлы). – Астана, 2005. 9-10 бб.
3. Ш. Құрманбайұлы. Қазақ лексикасының терминденуі. – Алматы, 1998. – 208.
4. Орысша-қазақша сөздік. ҚСЭ Бас редакциясы. – Алматы, 1981, 1-том, 97-б.

Бегімова Г.А.,

*әл-Фараби атындағы ҚазҰУ шығыстану факультеті  
Түркітану кафедрасының аға оқытушысы, ф.ғ.к.*

## ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ТЕРМИНДЕРДІҢ ЖАСАЛУ ЖОЛДАРЫ

Қазақ және түрік тілдеріндегі дипломатиялық терминдердің жасалу жолы салыстырмалы тұрғыда түркологияда қарастырылмағанымен, түрік тілінің де, қазақ тілінің де сөзжасамдық жүйесі жақсы зерттелген. Түрік тіліндегі сөзжасамдық тұлғалар туралы А.Н. Кононовтың “Грамматика современного турецкого литературного языка” деген еңбегінде терең талданады [1, 35 б.].

Қазіргі түрік тілінде ауызекі тілден сөздердің алынуы, олардың жалпы қолданыста жұмсалып, туынды сөздердің, терминдердің жасалуы жайлы мәселелер республика құрылмай тұрып күн тәртібіне қойылған болатын. Осыған байланысты 1920 жылы Білім министрлігі жинақтаған, ал 1929-1930 жылдар арасында тіл комитеті тарапынан жинақталған сөздерді, 1932 жылы “Ана тіліндегі жинақтар” деген атпен Хамит Зубейр Кошай мен Исхак Рефет Ышытман кітап ретінде басып шығарды.

1932 жылы Ататүрктің қолдауымен Түрік тілі қоғамы құрылғаннан кейін болған алғашқы құрылтайда жаңа ережелер қабылданып мынадай қарарлар алынды:

1) Халықтық лексикалар мен ескі кітаптардағы сөздік қорды жинақтап, анықтау;

2) Туынды сөздердің жасалу жолдарын анықтау, оларды іске асыра отырып, төл тіл негізінде сөздер түзу;

3) Түрік тілінде әсіресе жазба тілде белсенді жұмсалатын шетел сөздерінің орнына өз тіліміздегі түрікше сөздерді жасау, оларды жаю [2, 175-177 бб.].

Осындай негіздемелердің негізінде Түрік тілі қоғамы көптеген оң нәтижелі жұмыстар жасады. Анатолия өлкесінен жинақталған сөздер 1939 жылы “Түркиеде халк ағызындан сөз дерлеме” атты журналда жариялана бастады. Сондай-ақ, Турхан Байтоптың “Түркче битки адлары сөзлүгү”, Зафер Өзтектің “Дерлеме сөзлүгү” сияқты еңбектерде терең қарастырылған.

Түрік тіл білімінде сөзжасам бойынша Зейнеп Коркмаз, Хамза Зульфикар, Акалын, Ахмет Ержиласун, Исмаил Парлатор, Тунжер Гүленсой сынды атақты тілші ғалымдар түрік тілінің сөзжасамдық ерекшеліктеріне терең тоқталып зерттеген.

Бұл, ғалымдардың пікірінше, туынды сөздердің жасалуында синтетикалық тәсіл мен аналитикалық тәсіл белсенді қызмет атқарады. Ғалымдар әрбір сөзжасамдық тұлғаға жеке тоқталып, олардың мағыналық құрылымын анықтаған.

Қазақ және түрік тілдеріндегі дипломатиялық терминдердің жасалу жолын салыстыру үшін оларды ең алдымен екіге бөліп қарастырамыз:

- Дара дипломатиялық терминдер;
- Күрделі дипломатиялық терминдер.

Дара дипломатиялық терминдер тек бір ғана сөзден жасалады: *Елші – elçi, елшілік – büyükelçilik, кеден – gümrük, шеғара – sınır, қарулану – silahlanma, ұлт – ulus, келіссөз – anlaşma, хат – mektup, қарусыздану – silahsızlanma, халықаралық – uluslararası, бәтуәгершілік – antlaşma, ұлтшылық – ulusalcılık, одақ – ittifak, азаматтық – vatandaşlık, декларация – deklrasyon, соғыс – savaş, конвенция – sözleşme, үкімет – hükümet, одақтасстық – ittifakçılık, саясат – siyaset, шабуыл – saldırı, оралман – göçmen, виза – vize, аташа – ataşe, босқындар – mülteci* т.б.

Күрделі дипломатиялық терминдердің жасалуының өзіндік ерекшелігі бар. Олардың құрамында екі не одан да көп сөздер болуы ықтимал. Күрделі дипломатиялық терминдердің құрамы неше сөзден құралса да олар бір ғана номинативтік қызметте жұмсалады. Номинативтік қызметі олардың терминдік мән алуының негізгі көрсеткіші ретінде танылады.

Күрделі дипломатиялық терминдер негізінен сөз тіркестерінің лексикалануы арқылы жасалады. Біз мұны төменде аналитикалық тәсіл арқылы жасалған туынды терминдерді талдау барысында зерттеп көрсетуге тырысамыз.

Қазақ және түрік тілдеріндегі күрделі дипломатиялық терминдерге мысал келтірелік:

*Адам құқығы жөніндегі комиссия – İnsan Hakları Evrensel Bildirgesi*

*Азаматтығы жоқтық / аполитизм, анамидизм/ – Vatandaşsızlık*

*Еуропа Атом Энергиясы Қоғамы – Avrupa Atom Enerjisi Topluluğu*

*Еуропалық Одақ – Avrupa Birliği*

*Еуропа Экономика жөніндегі саласы – Avrupa Ekonomik Alanı*

*Еуропа Экономикалық және ынтымақтасстық жөніндегі ұйым – Avrupa Ekonomik İşbirliği Örgütü (OEЕС)*

*Еуропалық экономикалық қауымдастығы – Avrupa Ekonomik Topluluğu (ЕЕС)*

*Еуропалық қауіпсіздік және ынтымақтасстық жөніндегі мәжіліс – Avrupa Güvenlik ve İşbirliği Konferansı* т.б.

Дара дипломатиялық терминдерді шартты түрде жасалу жолына қарай былайша жіктейміз:

- 1 Түркілік төл негіздер арқылы жасалған терминдер;
- 2 Шетел тілінен енген кірме терминдердің аударылуы.

Түркілік негіз арқылы жасалған терминдердің қазақ және түрік тілдеріндегі жасалу жолдары ортақ болып келеді.

Семантикалық сөзжасамдық тәсіл арқылы жасалған туынды сөздер дипломатиялық терминдер құрамында көптеп кездеседі.

Салыстырылып отырған тілдерде әдеби тілде бұрыннан қолданылып келе жатқан сөздердің терминдік мән алуы молынан кездеседі.



Мысалы:

Қазақ тілінде: *мәлімдеу, кездесу, шабуыл, соғыс, қарулану, қарусыздану, ұлт, бейтараптық, құқық, азаматтық, қатынас, байланыс, шекара, қорытынды, келісім, аймақ, кемсітушілік, өкіл, өкілеттік, уәкіл, шетел, шетелдік т.б.*

Түрік тілінде: *bildiri, bildirim, görüşme, saldırı, silahlanma, silahsızlanma, ulus, tarafsızlık, vatandaşlık, ilişkiler, savaş, sınır, vezir, yabancılar v.b.*

Бұл сөздерді қай-қайсысы да қазақ және түрік тілдерінің жалпы әдеби қолданысында белсенді жұмсалатын лексемалар. Солай бола тұра бұл сөздер дипломатиялық термин ретінде жаңа туынды мағынаға да ие болады.

*Мәлімдеу* сөзі салыстырылып отырған тілдерде белгілі бір нәрсе жайында айтып беру, баяндау мағынасын берсе, дипломатиялық термин ретінде *мәлімдеме, мәлімдеу* сөздері белгілі бір халықаралық іс жөнінде мәлім ету, мәлімдеме жасау мағынасында жұмсалады.

*Шегара* сөзі тілімізде әртүрлі сипатта жұмсала алады. Бұл сөздің мағынасы ҚТТС-де былайша сипатталып түсіндірілген: “Территориялық жағынан бір-біріне шектесіп жатқан жер. *Уақыт 1919 жылдың жазы. Ақмола, Семей губерниясының шекарасы*” [4, 191 б.].

Байқап отырғанымыздай бұл сөйлемдегі шегара сөзі дипломатиялық термин мағынасында жұмсалмаған, бір елдің ішіндегі екі облыс орталығының арасын белгілеу үшін қолданылып тұр. Ал енді екінші мысалға назар аударалық: *Екі күннен кейін біз алдыңғы шепке шығып, шабуыл ұрыстарын жүргізе отырып, ай жарым дегенде өзіміздің байырғы шекарамызға таяп келдік.* Бұл сөйлемде шегара екі елдің арасындағы саяси мәні бар аралықты белгілеп тұрғандықтан, дипломатиялық мәнге ие болады.

Сондай-ақ, шегара сөзі өзге де контекстерде, әсіресе ауызекі тілде, әртүрлі мағынада жұмсала беруі мүмкін, айталық: *достықтың шегарасы, облыстың шегарасы, адамгершіліктің шегарасы т.б.* Дегенмен, мұндай қолданыста ол терминдік мәнге ие болмайды. Осы сөздің мағыналық дамуының нәтижесінде белгілі түсініктемесі, анықтамасы бар дипломатиялық термин қалыптасқан.

*Шегара* сөзі түрік тілінде *sınır* деп аталып, әртүрлі мағынада жұмсала алады. Түрік тілінің түсіндірме сөздігінде шегара сөзінің төрт мағыналық анықтамасы берілген.

1. *Sınır.* Komşu il, ilçe, mahalle, köy ya da kişilerin topraklarını birbirinden ayıran çizgi. Örn: Cappar Ağa, Halil Bey’in kızı Nazar’a evlenemediği için iki köyün sınırındaki ormanı yaktı.

2. *Sınır.* Bir şeyin genişleyebileceği ya da yayılabileceği son uç.

3. *Sınır.* Mec. (ауыс.) Son, uç. Örn: Dayanmanın da bir sınırı var.

4. *Sınır.* Mat. (матем.) İki bölgeyi ya da yüzeyi ayıran eğri.

Түрік тіліндегі дипломатиялық сөздіктегі анықтамасы: “*Komşu devletlerin topraklarını birbirinden ayıran çizgi*” деп беріледі.

Örn. Osmanlı elçileri buluştukları sınır milinin ortasında birbirlerine saygılarını sunarlar ve yanlarında bulunan dört-beş çevirmenle konuşmalarını ve uzlaşmayı sürdürürlerdi [5, 175-177 бб.].



Daha önce çalan mehterheneler, elçi sınır miline doğru yürürken susar ve yabancı sınırdaki askerler de sessiz kalırlardı [6, 176-177 бб.].

Мына мысалдарда *сınır* сөзі дипломатиялық термин ретінде жұмсалған.

Демек жоғарыдағы сөздердің мағыналарының кеңеюі нәтижесінде түрік тілінде де, дипломатия әлемінде жаңа дипломатиялық термин қалыптасқан.

Сондай-ақ, шегара /*sınır*/ сөзінің негіз болуы арқылы екі тілде бірнеше дипломатиялық терминдердің парадигматикалық қатары қалыптасқан:

*Шегаралық бақылау*

*Шегаралық шарттар*

*Шегаралық өзендер*

*Шегараны белгілеу*

*Шегара сызығы*

Бұл терминдердің әрқайсысына дипломатиялық сөздікте түсініктеме беріледі:

*Шегаралық бақылау* – мемлекеттік шегара тәртібін қамтамасыз етуге байланысты шаралар кешені.

*Шегаралық шарттар* – шектес мемлекеттер арасындағы келісімдер.

*Шегараны белгілеу* – делимитация границы

*Шегара сызығы* – линия границы

*Шегара сызығы өтуінің сипаттамасы*

*Шегаралық өзендер* – мемлекеттік шегара арқылы өтетін өзендер

*Шегаралық жүргізу* – жергілікті жерде мемлекеттік шегараны орнату.

*Шегараны қайта жүргізу* – мемлекеттік шегараның жүргізілген сызығын бірлесіп тексеру және жергілікті жерде қалпына келтіру.

*Шегараны түзету* – мемлекеттік шегара сызығын болмашы ғана нақтылау, өзгеру [7, 62-63 бб.].

*Шетел, шетелдік /yabancı ülke, yabancı/* екі тілде де бұл сөздер жалпы қолданыста белсенді жұмсалады. Оның мағынасы терминдену мағынасына алмасқанын, түсіндірмесін көрсету үшін талдау жүргізіп көрелік.

ҚТТС-де *шетел* – бөтен ел, басқа мемлекет. 1928 жылы Алма Оразбаева *шетелге барып, онда әйелдердің халықаралық секретариатының тапсырмасын орындады* 1928 yılı Alma Orazbayeva yabancı ülkeye gidip, orda kadınların uluslararası sekreteryanın övevini yaptı [8, 207 б.].

*Шетел* сөзі арқылы -дік сөз тудырушы жұрнағының жалғануының нәтижесінде *шетелдік* сөзі жасалса, түрік тілінде *yaban* /бөтен, жат/ сөзіне -сі сөз тудырушы жұрнағының жалғануы арқылы *yabancı* сөзі жасалған. *Шетелдік* – *шетелден келген, өзге жұрттық*. *Yabancı* – *yabancı ülkeden gelen, yabancı milletli*. Бүкілодақтық осы рекордтар *шетелдік достардың назарын аударып шыға келді. Bütün müttefliklik bu rekorlar yabancı dostların ilgisini çekiverdi* [8, 207 б.].

Ал *шетелдік /yabancı/* сөзінің терминдік мағынасы сөздікте былай көрсетілген: аталмыш мемлекеттің азаматтары болып табылмайтын және



өздерінің басқа мемлекет азаматына жататындығы туралы дәлелдемелері бар адамдар.

Шетелдік термині арқылы дипломатияда мынадай терминдер туындаған:

*«Тұрақты тұратын шетелдіктер – sürekli kalan yabancılar*

*Уақытша болатын шетелдіктер – geçici olan yabancılar*

*Шетел азаматтарының айрықша санаты – Yabancı ülke vatandaşlarının özel görevi m.б.»* [9, 63 б.].

Дипломатиялық сөздікте кездескен соң, бұл сөз тіркестері де термин ретінде бағаланады. *Тұрақты тұратын шетелдіктер, уақытша болатын шетелдіктер деген терминдердің* жасалуында шетелдіктер сөзі тірек сөз болады, ал *Шетел азаматтарының айрықша санаты* деген терминнің жасалуына шетел сөзі негізгі ойды анықтау үшін қолданылған.

Қазақ тіліндегі *азаматтық* термині түрік тілінде, *vatandaşlık / vatandaşlık* болып қолданылады. Қазақ тіліндегі азаматтық сөзінің негізіне азамат сөзі алынып тұрса, түрік тілінде отан сөзі сөзжасамдық мағына жасауға негіз болған. Азаматтық сөзінің жалпы халықтық қолданыстағы мағынасы әртүрлі сипатта келеді. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде *азаматтық* сөзінің екі мағынасы көрсетілген:

«I Азаматтық. Зат. 1. Жасы толып ержеткендік. Жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер мезеті осындайда. Мұндайда жұқалық, осалдық байқатсам, азаматтығым қайсы? Өзі де бір болымды жігіт еді, азаматтығын істеп-ақ жүр екен. 2. Саналылық, адамгершілігі молдық. Әйел басыңмен еркектен артық, азаматтық еткенің бәріміздің жүрегімізді жылытты.

II Азаматтық. Сын. Азаматқа тән. Іске жаны ашығандық, ортақ мүддеге азаматтық үлес деген – сол. Оны игі жолға сәлтемеуім азаматтық арға жатпас. Азаматтық арыма, тапбынам иіп басымды. Ғылымының асқар шыңында, Өткізсем қалған жасымды» [8, 77 б.].

Осы сөздердің мағыналық дамуының нәтижесінде дипломатиялық термин қалыптасқан. Дипломатиялық сөздікте берілген түсінігі: «Азаматтық – гражданство. Жеке тұлғаның мемлекетпен орнықты саяси-құқықтық байланысы. Заңдық мағынада адамның мемлекетке қатысты болуы» [3, 7 б.].

Демек, *азаматтық-азаматтық-азаматтық* түрінде мағыналық даму болып, семантикалық сөзжасамдық тәсіл арқылы дипломатиялық термин қалыптасқан.

Бұл терминдердің жасалуына бастапқы азаматтық сөзі мағыналық және тұлғалық жағынан негіз әрі тірек болады. Сондықтан бұл сөз тіркесі арқылы жасалған дипломатиялық термин деп танылады. Олардың арасында жоғарыда көрсеткен парадигматикалық қатынаспен бірге синтагматикалық та қатынас бар. Яғни алу, айрылу, беру сөздерінің тіркесуі олар анықтайтын ұғыммен тікелей байланысты болады.





Түрік тіліндегі *азаматтық vatandaşlık /vatanlaşılık/* термині *отан /vatan/* сөзінің мағыналық дамуы арқылы жасалған. *Vatan, vatandaşlık* сөзінің негізгі мағыналары да жалпы қолданыста белсенді жұмсалады. *Vatanını seven ateşte yanmaz. Vatanına değer veren her vatandaş mutludur. Vatanını satan – vefasızdır.* Бұл мысалдарда *азаматтық /vatandaşlık/* сөзі халықтық лексикада қолданылып тұр.

*Uluslararası hukukta vatandaşlığını saptanması devletlerin ulusal yetkileri içerisinde kabul edilmektedir.*

*Devletler kendi vatandaşlarına aranacak koşulları, vatandaşlığa kabul ve vatandaşlıktan çıkarma biçimlerini ilgili yasalarla düzenlemektedirler [41, 697 б.].*

Мына сөйлемдерден *vatandaşlık* сөзі дипломатиялық термин ретінде жұмсалғаны байқалады. Ал, осы терминге түрік тіліндегі дипломатиялық сөздікте былайша анықтама беріледі: *Vatandaşlık, devletin tek taraflı egemenlik hakkını kullanarak koşullarını ve hükümlerini saptadığı bir hukuki statüyü gerçekleştiren fert ile kendisi arasında kurulan hukuki bağ. Kişinin hukuki bir bağ nedeniyle bir devlete aidiyetini simgeleyen niteliğidir [10, 175-177 бб.].*

Демек, осы сөздің негізінде *vatandaşlık* деген дипломатиялық термин семантикалық сөзжасам тәсілі арқылы қалыптасқан деуге толық негіз бар.

Бұл термин арқылы екі тілде де тағы да мынадай сөздердің парадигматикалық қатары қалыптасқан:

*Азаматтық – vatandaşlık*

*Азаматтық алу – vatandaşlığı kazanma*

*Азаматтықтан айрылу – vatandaşlığını kaybi*

*Азаматтық беру – vatandaşlık verme*

*Қос азаматтық – çifte vatandaşlık*

Қазақ және түрік тілдеріндегі дипломатиялық терминдер сөз тудырушы жұрнақтар арқылы синтетикалық сөзжасамдық тәсіл арқылы да жасалады. А.Н. Кононов жазған Түрік әдеби тілінің грамматикасына сүйене отырып, дипломатиялық терминдердің синтетикалық тәсіл арқылы жасалу жолын аңғарамыз.

*-шы, -ші* сөзжасамдық тұлғасы арқылы түркі тілдерінде көптеген жаңа сөздер жасалатынын түркітанушы ғалымдар көп зерттеген болатын.

А.М. Щербактың зерттеулерінде бұл “аффикс іс істеушінің әрекетін, немен айналысатынын, немен шұғылданатынын, әлеуметтік жағдайы мен тұратын жерін білдіретін мағына қосады” [11, 103 б.].

Түрік және қазақ тілдеріндегі бұл аффикс арқылы “*елші-елчи*” деген дипломатиялық терминдер жасалады. Негізгі мағынасы - кісінің мамандығы.

*-лық, -лік* жұрнағы қазіргі тілімізде ең белсенді сөзжасаушы тұлға ретінде белгілі. *-лық, -лік* жұрнағының қазақ тілінде *-дық, -дік, -тық, -тік* деген варианттары бар. Ал түрік тілінде тек *-lik* түріндегі сөз тудырушы жұрнақ қолданылады.

-лық, -лік жұрнағы арқылы мынадай дипломатиялық терминдер жасалады:

*bağımlılık* – бағыныштылық

*bağımsızlık* – бағынышсыздық (бағынбайтын)

*çifte vatandaşlık* – қос азаматтық

*egemenlik* – егемендік

*ulusalcılık* (улусалишлик) – ұлтшылдық

*sömürgecilik* – колонизациялық (ниғыл)

*tarafsızlık* – бейтараптық т.б.

Түркі тіл білімін зерттеуші ғалымдардың көрсетуінше, -лік жұрнағы көпмағыналы тұлға.

Айталық, 1. Іс әрекеттің орны мағынасында: *елшілік* – *elçilik* (Қазақстан елшілігі, Түркия елшілігі, АҚШ елшілігі т.б.).

2. Дипломатиялық қатынас пен байланысты анықтайтын мағына: *bağımlılık* – бағыныштылық, *bağımsızlık* – бағынышсыздық (бағынбайтын), *ulusçuluk* – ұлтшылдық, *sömürgecilik* – колонизациялық (ниғыл), *tarafsızlık* – бейтараптық т.б.

3. Елдің, мемлекеттің, адамның саяси жағдайын анықтау мағынасында: *çifte vatandaşlık* – қос азаматтық, *egemenlik* – егемендік, *vatandaşlık* – азаматтық, *arabuluculuk* – арағайындық, *diplomatik* – дипломаттық, *bağımsızlık* – тәуелсіздік т.б.

4. Лауазымдық мағына: *патшалық, хандық, елшілік (қызмет) т.б.*

-ма, -ме жұрнағы арқылы да дипломатиялық терминдер жасалады. Бұл жұрнақ қазақ тілімен салыстырғанда, түрік тілінде дипломатиялық термин жасауда белсенді жұмсалғанын байқауға болады.

Мысалы:

Түрік тілінде:

*silahlanma* – қарулану

*görüşme* – кездесу

*anlaşma* – келіссөз

*karışma* – қол сұғу (бір елдің ішкі мәселесіне араласу мағынасында)

*karıştama* – қол сұқпау

*onaylama* – бекіту

*sözleşme* – конвенция, келісім шарт

*antlaşma* – шарт т.б.

Қазақ тілінде:

*Мәлімдеме*

*хаттама*

Түрік тілінде -ма, -ме жұрнағы арқылы жасалған терминдер қазақ тілінде көбінесе -у қимыл атауы арқылы жасалатынын байқауға болады.

Келтірілген мысалдардың ішінде *silahlanma* - *қарулану* терминін талдауға тұрарлық. Түрік тілінде *қару, қару-жарақ* сөзі қолданылады. Дегенмен,

дипломатиялық термин жасауда түрік тілінде қару сөзінің орнына славян тілдерінде жұмсалатын сила сөзі алынып, оған -лан және -ма жұрнағы жалғанып, жаңа туынды сөз жасалған.

**-ым, -ім** жұрнағы арқылы жасалған дипломатиялық терминдер:

*келісім* –

*бітім (бітімге келу, бітім шарт, бітім жасау, бітімгер)*

*сенім (сенім білдіру, сенім хат, сенім грамоталары) т.б.*

**-ман** жұрнағы арқылы жасалған дипломатиялық терминдер:

*оралман – mülteci*

*агреман – agreman т.б.*

**-нама** жұрнағы арқылы жасалған дипломатиялық терминдер:

*рұхсатнама – ruhsatname т.б.*

Түрік тілімен салыстыра қарағанда -у тұлғасымен қимылдың атауы мағынасын білдіретін дипломатиялық терминдер мол жасалған, ал бұл терминдер түрік тілінде -ма, -ме жұрнағы арқылы жасалатыны жоғарыдағы мысалдардан да анық байқалады.

**-у** жұрнағы арқылы жасалған дипломатиялық терминдер:

*қарусыздану – silahlanma*

*бекіту – onaylama*

*қол сұғу – dokunma*

*қосып алу, аннексиялау*

*қарулану – silahlanma т.б.*

**-шілік**

*кемсітушілік – ayırım gözetmeme*

*шапқыншылық – saldırı*

*бәтуагершілік (концессия) – uzlaşma*

**-шілдік**

*нәсілшілдік – ırkçılık т.б.*

Қорытындылай келгенде, қазақ және түрік тілдеріндегі дипломатиялық терминдердің жасалу жолдары ортақ екендігін байқауға болады. Яғни, түркі тілдеріндегі ортақ терминдерді анықтау арқылы біз дипломатия ісіне қатысты мамандар мен іскерлердің қарым-қатынас жасауындағы басты қиыншылықтарды анықтап, олардың себебін ұғуға көңіл бөлеміз. Әрі ортақ терминдерді мол жасаудың белсенділігін арттыру арқылы, көптеген қиыншылықтардан құтылудың мүмкіндіктерін анықтай аламыз.



## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Кононов А.Н. Грамматика современного турецкого литературного языка. – М.-Л.: Наука, 1956. – 386 с.
2. Щербак А.М. Грамматический очерк языка тюркских текстов X-XII вв. из Восточного Туркестана. – М.-Л.: Наука, 1961. – 203 б.
3. Зульфикар Х. Терим сорунлары вэ терим янма йоллары. – Анкара: Түрік дил куруму, 1991. – 213 б.
4. Гөкалп З. Түрікчилигин есаслары / Баспаға әзірлеген проф. Мехмет Каплан. – Стамбұл: Күлтүр баканлығы, 1976. – 264 б.
5. Нури Ж. Түрік инкылабы. – Стамбұл: Дергах, 1926. – 300 б.
6. Древнетюркский словарь / Под ред. Э.В. Севортян. – М.-Л.: Наука, 1969. – 676 с.
7. Сөнмезоглу Ф. Улусларарасы илишкилер сөзлүгү. – Стамбұл: Дер, 2005. – 731 б.
8. Күзекова З., Тұяқбаев Т. Қазақша-орысша, орысша-қазақша дипломатиялық қысқаша сөздік. – Астана: Елорда, 1998. – 127 б.



К.Қ. Мұсылманбекова,  
Манап Қозыбаев атындағы  
Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті,  
қазақ тілі кафедрасының аға оқытушысы

## ҚҰРЫЛЫС ТЕРМИНОЛОГИЯСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Құрылыс саласы әркез экономиканы дамытудың локомотиві болып отырған. Құрылыс саласының ерекшелігі сол, бұл сала қоғамдық өмірдің барлық салаларын қозғайды. Құрылыс саласының даму деңгейіне қарап ел экономикасының ұтқырлығына, халықтың әл-ауқатына, инновациялардың дамуына баға береді.

Бүгінде Қазақстанда құрылыс индустриясының 700 астам кәсіпорны қызмет етеді. Кейінгі жылдары құрылыс материалдары, бұйымдар мен конструкциялар өндірісінің өсуі байқалуда. Құрылыс көлемдері ұлғайған сайын, салынып жатқан тұрғын үй мен өзге құрылыс нысандарының сапасына қатысты талаптар күшейген сайын, экологиялық талаптар күшейген сайын, сондай-ақ бәсекелестік күшейген сайын құрылысшылар ең ілгері технологиялар мен құрылыс материалдарын қолданып отыруға мәжбүр. Қазіргі уақытта құрылыс саласында бұрын қолданылмаған *гипсокартон; левкас; алинекс; ыстыққа шыдамды желім; суга шыдамды желім* және т.б. тәрізді жаңадан шыққан материалдар қолданылуда.

Сәулет-құрылыс индустриясының инновациялары тілдің лексикалық аясында оның жаңа терминдермен баюы арқылы байқалып отырады. Сәулет-құрылыс саласы, өзін адам тудырып және дамытып отырған өзге кез келген білімі саласы тәрізді терминологиялық базасыз, яғни осы білім саласының болмысын бірдей түсіну үшін, осы білімдерді тасымалдауыштардың өзара қатынасуы үшін және саланы одан әрі дамыту үшін қажет болатын негізсіз мүмкін емес. Термин және оның анықтамасы оның өзі білдіретін болмыспен қоса дамып отырады, тек оның кейбір негізгі ұғымдары ғана сақталып қалады.

Айта кететін нәрсе, сәулет-құрылыс саласындағы терминдердің пайда болуының әрекеттегі процестері кейінгі уақытта ақпараттық жарылыс сипатына ие болған. Мысалы, бір ғана ҚР «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала салу және құрылыс қызметі туралы» заңының өзінде [1] негізгі 62 ұғым берілген, мұнысы сәулет-құрылыс саласының сан-алуандығын сипаттайды.

Сәулет-құрылыс терминдері құрылыс процесінің, сәулеттік конструкциялардың, не инновациялық құрылыс материалдарының ерекшеліктерін білдіретін терминдерді ғана емес, сонымен қатар *антропогендік әсер етулер, техногендік әсер етулер, техногендік апаттар; экологиялық апаттар* және т.б. терминдерді біріктіруде.

Жекелеген саланың жаңа терминдерінің жандандырылған түрде пайда болуы – бұл уақыт талабы, ғылыми-техникалық прогрестің көрсеткіші және идеологиялық және мәдени көзқарастың артуы. Мысалы, орыс тілінде авиацияның пайда болуы мен дамуы кезеңінде мынадай сөздер пайда болды: ұшпак, ұшқыш, жерге кону, ауа шұңқыры және т.б. Радионың пайда болуы мынадай сөздердің туындауына себеп болды: радиоқабылдағыш, радиокедергі, радиолау және т.б. Атом энергиясының пайда болуы өзімен мынадай жаңа терминдерді әкелді: атомоход, залалсыздандыру және т.б.

Сонымен бірге, құрылыс терминологиясының сөздіктерін зерттеу бізді мынадай қорытындығы әкелді: қазіргі уақытта сөздіктердің сөздік құрамына жаңа емес, алайда сәулет-құрылыс құжаттарында кеңінен қолданылып жүрген терминдер енгізілмейді. Мұндай терминдерге мыналарды жатқызуға болады: *құм блогы; көбіктік блок; жыртық кірпіш; сплитерлі кірпіш; сайдинг; кеспе тас; пішімделген төсем; металды шифер; металды пішім; иілгіш жабынқыш; гипсокартон; алинекс; левкас; төсеме бояу* және т.б.

Бұл терминдердің тілімізде кеңінен қолданылуына қарамастан, олардың ғылыми анықтамасы берілмеген. Қазіргі кезде қазақстандық жағдайларға бейімделген отандық технологиялар пайда бола бастады. Алайда, жаңа нормалар шыққан сәттен бастап біршама уақыттың өткеніне қарамастан елімізде сәулет-құрылыс процесінің түрлі жақтарын сипаттайтын терминология әлі де қалыптаспаған.

Бұл жағдайда Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік терминологиялық жұмыстың концепциясында көрсетілгендей «ұлттық терминологияны реттеу, жүйеге келтіру және дамытудың маңызы ерекше» [1]. Соған орай осы мақалада қазіргі сәулет-құрылыс терминдеріне тән жалпы сипаттамалар берілуде және сәулет-құрылыс саласының терминдерін зерттеу олардың мынадай ерекше қасиеттерін бөліп көрсетуге негіз болып отыр:

1. Сәулет-құрылыс саласы терминдерінің синонимдігі. Айта кететіні, қазіргі уақытта терминнің синонимсіздігі туралы аксиома қабылданған. Мысалы, Комиссаров В.Н. терминге қойылатын негізгі талаптардың ішінен мынаны көрсетуде [iii]:

– термин дәл болуы тиіс, яғни оның сол ғылым мен техника саласындағы ұғымдар жүйесінде сол терминмен көрсетілген орынды белгілейтін логикалық анықтамасының сұлбасы болуы мүмкін қатаң белгіленген мағынасы болуы тиіс;

– термин бір мағыналы болуы тиіс, және бұл тұрғыда ол мән-мәтінге тәуелсіз болуы тиіс;

– әр ұғымға тек бір ғана термин сәйкес келіп отыруы тиіс (синоним-терминдер болмау үшін).

Терминнің мұндай анықтамаларына ғалымдардың мынадай тұжырым-дамаларын жатқызуға болады: «Терминдер әрдайым бір мағыналы болуы тиіс»





[<sup>iv</sup>, 1176]; «Термин полисематикалық, амонимдік, синонимдік болмауы тиіс» [<sup>v</sup>, 2326; <sup>vi</sup>, 6 б.].

Алайда, біздің зерттеуіміздің нәтижелері бойынша анықталғандай, сәулет-құрылыс терминдеріне синонимия тән болып келеді. Мұндай терминдерге мыналарды жатқызуға болады: *кеспе тас – тротуарлық тас; бу радиаторы – батарея; оқшаулағыш таспа – жабысқақ таспа; кабельдік галерея – кабельдік камера; кафель – қыш – қыш тақта; сайдинг – қаптағыш панель – қорғағыш – декоративті тақта.*

Терминдердің синонимиясы түрлі терминдерді түрлі құрылыс, энергетика, газ, мұнай және атом өнеркәсібі салаларында бірдей ұғымдарды белгілеу үшін қолданудың тарихи түрде қалыптасқан дәстүрдің нәтижесі ретінде туындауы мүмкін. Терминологияда синонимдердің бірге орын алуына терминтанушылар дәстүрлі түрде жағымсыз баға беруде: Л.Л.Кутина синонимияның кез келген терминдік жүйеге оның құрылу кезеңінде ерекше тән болып келетіндігі туралы айтумен дегенмен де оны «жағымсыз фактілерге» жатқызуда [<sup>vii</sup>].

Терминология саласындағы кейінгі зерттеулер терминнің тілде сөз тәрізді қызмет етіп және дамып отыратындығын растауда, мұнысы оның мағынасының өзгеруі, тарылуы, кеңеюі арқылы; жаңа мағыналарының туындауы және т.б. арқылы іске асырылып отырады. Біздің ойымызша, терминдердің синонимиясына жағымсыз құбылыс деп баға берген дұрыс емес, ол керісінше, ғылыми тілдің кеңдігін, оны одан әрі жетілдірудің мүмкіндіктерін білдіреді, себебі әр термин өзінің жаңа мағынасын шығарып отыруы мүмкін және сол арқылы терминнің ұғымдары мен мағыналарының саралап жіктелуіне ықпал етіп отыруы мүмкін. Біз С.В. Гриневтің ізімен [<sup>viii</sup>] терминологиялық синонимияны «бір мағыналық» ретінде қарастыруды ұсынамыз.

Сәулет-құрылыс терминдерін зерттеу барысында анықталғаны, қызмет ету барысында олар қосалқы тілдің шеңберінен тыс шығып отырады және синонимдермен толықтырылып отыруы мүмкін, кейінгілерін де аталмыш терминдерден бөлек түрде қарастыруға болмайды. Себебі бұл синоним-сөздер – терминдердің тілде орын алуының нәтижесі болып табылады, сол себептен олар сәулет-құрылыстық терминдік жүйенің өзіндік бөлігі болып табылады. Осыған орай, сәулет-құрылыс саласының терминдерін өздерін дәстүрлі түрде терминдерге жатқызуға болмайтын сөздермен үйлесімде қарастырып отыру қажет. Мұндай терминдерге кәсіби сөздер, стилистикалық таңбаланған сөздер, айқын байқалатын коннотативтік реңі бар лексемалар, окказионализмдер, қарапайым сөздер мен сөз тіркестері жатады. С.В. Гринев [8] мұндай сөйлемдік конструкцияларға арнап «термин алды» деген атауды енгізді – яғни бұл терминдер ретінде негізгі талаптарға жеткілікті дәрежеде сай келмейтін терминдердің модельдері.

2. Негіздердің қосылуымен түзілген және бірге не сызықша арқылы жазылатын күрделі терминдердің кең тобы; сөз тіркес-терминдер, не құрамдас,

көп компоненттік терминдер. Л.В. Щерба құрамдас терминдерді құрылымдық және семантикалық тұрғыдан ортақ болып келетін және мүшеленген терминделген номинацияны құрайтын сөздердің тіркестері ретінде сипаттады [x]. «Терминологиялық сөз тіркестері көмекші сөз не көмекші сөзсіз әдіспен байланысқан екі не одан көп сөздің семантикалық тұрғыдан біртұтас тіркестері болып табылады. Олар тұрақты және еркін тіркестер болуы мүмкін» [x, 62 б.]. Сөз тіркесін бір номинативтік терминологиялық бірлік ретінде қарастырудың критерийі ретінде оны бір ұғымды атауға арнап қолдану қызмет етуі мүмкін.

Сәулет-құрылыс саласының күрделі терминдерін талдау ең жоғары меншікті салмаққа өздерінің құрамдас бөлігі сын есімдер болып табылатын терминдер ие болуда деген қорытынды жасауға негіз болды. Сын есімдер қазақ және орыс тілдерінде көп санды топты құрайды және терминдер жүйесінде ерекше орынға ие. Кез келген ғылыми мәтінде оларға ерекше рөл беріледі, себебі білімнің сол не өзге үзінді көріністеріне акцент жасау тиісті мағынасы бар лексикалық және морфологиялық бірліктерді – сын есімдер мен үстеулерді қолдануға ықпал етеді.

Сын есімдердің соңғы кезде жан-жақты зерттелгеніне қарамастан, осы уақытқа дейін құрылымы әртүрлі құрамдас терминдердің басым көпшілігінің міндетті компоненті болып табылатын сын есімді зерттеуге арналған жұмыстар әлі де жеткіліксіз болуда [xi].

Біз анықтаған сәулет-құрылыс саласының терминдерін келесі топтарға бөлуге болады:

– сын есім + зат есімді қосу арқылы пайда болған: *сәулет жұмыстары; жол құрылысы; темірбетонды конструкциялар; бекіткіш каркас; қаптағыш (қорғағыш, декоративті, қорғағыш-декоративті) панель; мердігерлік ұйым, құрылыс жұмыстары; құрылыс салудың шаруашылық әдісі* және т.б.

– күрделі адектіге ие: *сәулет-құрылыс жұмыстары; апаттық-жәндеу жұмыстары; газдық дәнекерлеу машинасы; жол-монтаждау жұмыстары; ауа-газ қоспасы; бақ-саябақ өнері; құрылыс-техникалық құжаттар;*

– кесілген сын есімді: *автожол жәндеу жұмыстары; темірбетон; техника-экономикалық көрсеткіш; электромонтаждау жұмыстары;*

– бір бөлігі символ болып келеді, оның айрықша белгісі «толықтай шарттылығы, жасанды қабылданғандығы және саналы түрде бекітілгендігі» болып табылады [xi]. Мұндай терминдерге жататыны: *G-нiшiмдi баған; D-нiшiмдi сабы бар күрек; Z-нiшiмдi шпунттық қада; қос N-нiшiмдi торламасы бар ферма; П-нiшiмдi тилон; құламасы S-нiшiмдi шатыр; T-нiшiмдi баған; U-нiшiмдi болат; Y-нiшiмдi құбыр; автокөлік жолдарының Y-нiшiмдi жанасуы; X-нiшiмдi түйіспелік қосылыс.*

Келтірілген талдаудан көріп отырғанымыздай, сәулет-құрылыс саласының терминдері терминологиялық сөздіктерді құрастыру кезінде өздерін ескеріп отыру қажет болатын бірқатар ерекше сипаттамаларға ие.

**ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1. Закон Республики Казахстан от 16 июля 2001 года № 242-ІІ «Об архитектурной, градостроительной и строительной деятельности в Республике Казахстан» – Алматы: Юрист, 2010.
2. Концепция государственной терминологической работы в Республике Казахстан – Алматы: Юрист, 2010.
3. *Комиссаров В.Н.* Теория перевода – М.: Высшая школа, 1990.
4. *Галкина-Федорук Е.М.* Слово и понятие. М., 1956.
5. *Казанчян Л.О.* Некоторые вопросы терминологии // Вести. Ереван. ун-та. 1971.
6. *Андреев Н.А.* К вопросу о структуре терминологических словосочетаний в современном французском языке. М., 1969.
7. *Кутина Л.Л.* Языковые процессы, возникающие при становлении терминологической системы// Лингвистические проблемы научно-технической терминологии. – М: Наука, 1970. – 82-94 б.
8. *Гринев С.В.* Введение в терминоведение. – М.: Московский лицей, 1993.
9. *Щерба Л.В.* Опыт общей теории лексикографии// Щерба Л.В. Языковая система и речевая деятельность. – Л., 1974. – 265-304 б.
10. *Судовцев В.А.* Научно-техническая информация и перевод. Пособие по английскому языку: Учебное пособие. – М.: Высш. шк., 1989.
11. *Павленко Л.А.* Описание терминов-прилагательных языка астрономии // Учебная лексикография и текстология. Красноярск, 1989. Ч.2. 56-58 б.
12. *Даниленко В.П.* О терминологическом словообразовании // Вопросы языкознания, 1973, № 4, 76-85 б.



## ҰСЫНЫСТАР

Бұл айдармен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің ұсыныстары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясының қарауына әділет жүйесінің сот сараптамасы саласы бойынша ұсынылып отырған сөздер, сөз тіркестері мен терминдер және Әбдіғали Қоянбаев пен Наташа Сабырованың авторлығымен дайындалған КЕМЕ ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ СӨЗДІГІнен үзінді (орысша-ағылшынша-қазақша) мамандар талқысына ұсынылып отыр.



## Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің ұсыныстары

Күнделікті жұмыс барысында кездесетін «классификация» деген сөз Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік терминологиялық комиссияның 2009 жылы «Дайк-Пресс» баспасы шығарған «Бекітілген терминдер сөздігінде» «сыныптау» деп аударылған, алайда бұл сөз белгілі бір көрсеткіштерді жүйелеуді білдіретіндіктен «жіктеу», тиісінше «классификационный» – «жіктегіш» деп қайта бекітілгені дұрыс. Сондай-ақ жоғарыда көрсетілген сөздікте «информация» деген сөз «хабарлама, ақпарат», ал «информационное сообщение» – «ақпарат хабар» деп аударылған, бірақ барлық заңнамаларда, мысалы Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 1 маусымдағы № 286-IV Заңының атауы «О ратификации Соглашения между правительствами государств-членов Шанхайской организации сотрудничества о сотрудничестве в области обеспечения международной информационной безопасности» – «Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің үкіметтері арасындағы халықаралық ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» және Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 6 ақпандағы № 123-IV Заңының атауы «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам средств массовой информации» – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бұқаралық ақпарат құралдары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» деп аударылған, сондықтан «информация» деген сөз «ақпарат» деп қайта бекітілуі қажет деген ұсыныс жасады, өйткені бұл мәселе ведомство ішінде іс-қағаздарын жүргізу кезінде, аударма жасалған кезде көптеген даулы мәселелерді тудырады.

№	Терминнің орыс тілдегі атауы	Ұсынылған атауы
1	деформация	қалпының өзгеруі
2	ярлык	жапсырма
3	апортировочный предмет	тістеу заты
4	места содержания собак	иттерді ұстайтын орын
5	табличка	мандайша
6	упаковочный лист	орау парағы
7	металлические листы	металл табақтары
8	бесшовные трубы	жіксіз құбырлар
9	настройка	қалпына келтіру, бабына келтіру
10	нелинованная бумага	сызықсыз қағаз
11	информация	ақпарат
12	классификационный	жіктегіш
13	выписка	үзінді көшірме
14	нумератор	нөмірлегіш





**Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы  
Мемлекеттік терминология комиссиясының қарауына әділет  
жүйесінің сот сараптамасы саласы бойынша ұсынылып отырған  
сөздер, сөз тіркестері мен терминдер**

1. «Ходатайство» сөзі қолданыстағы сөздіктерде «қолдаухат, өтінішхат, өтініш жасау, іздену» деп берілген. Мәселен, «подать ходатайство» – «өтініш беру», «удовлетворить ходатайство» – «өтінішті қанағаттандыру», «ходатайство об аннулировании» – «күшін жою туралы өтініш» деп аударылған. Берілген термин барлық аудармаларда «өтініш» сөзі ретінде қолданылған.

Сот сарапшысы сараптама тағайындаған құқық қорғау органдары мен соттардан зерттеу жүргізуге қажетті қосымша құжаттарды, объектілерді ұсынуды талап ете отырып, оны өтініш негізінде беретіндігін ескерсек, сот сараптамасы саласында «ходатайство» сөзін «өтініш, қолдаухат, өтінішхат» түрінде қолдану орынсыз болады.

Сондықтан сот сараптамасы саласында «ходатайство» сөзін «*өтініш-талап*» сөзі ретінде аудару ұсынылады.

2. «Экспертный» сөзі тәжірибеде бірде «сарапшылық», бірде «сараптамалық» деп қолданылады. Сондай-ақ, «Судебно-экспертный» тіркесі кейде «сот-сарапшылық», кейде «сот-сараптамалық» деп қолданылады. Мәселен, «судебно-экспертное исследование» деген тіркес «Қазақстан Республикасындағы сот-сараптама қызметі туралы» ҚР Заңында «сот сараптамалық зерттеу» деп берілсе, кейбір әдебиеттерде «сот-сарапшылық зерттеу» деген тіркес қолданылған. Сондай-ақ «судебно-экспертная деятельность» тіркесі заңнамаларда «сот-сараптама қызметі», ал кей әдебиеттерде «сот-сарапшылық қызмет» деп көрсетілген.

«Эксперт» сөзі «сарапшы», ал «экспертиза» сөзі «сараптама» деп аударылады. «Экспертный» сөзі «эксперт» түбір сөзіне «ный» қосымшасы жалғану нәтижесінде пайда болған, яғни эксперт+ный=экспертный. «Сарапшы» түбір сөзіне «лық» жұрнағын қосу арқылы «сарапшылық» деген жаңа сөз пайда болады.

Сондықтан «экспертный» сөзін «сарапшылық», «судебно-экспертный» тіркесін «*сот-сарапшылық*», «судебно-экспертная деятельность» тіркесін «*сот-сарапшылық қызмет*» деп аударуды ұсынамыз.

Ал, «сот-сараптама қызметі» тіркесін «судебно-экспертная деятельность» деген тіркестің аудармасы ретінде қолданғаннан гөрі, «*сот сараптама қызметі*» тіркесі түрінде «*деятельность судебной экспертизы*» деген тіркестің аудармасы ретінде беру ұсынылады.

3. «Производство экспертизы» тіркесі заңда «сараптама жүргізу» деп берілген. Ал, «Производство» сөзі «произвести» сөзінен шыққан.

Сондықтан «сараптама жүргізу» тіркесі ретінде берілгені орынды. Сондай-ақ «Производство» сөзі «өндіріс» деп те аударылады. Осыған байланысты аталған тіркесті синоним ретінде «сараптама жүргізу» тіркесімен қоса «сараптама өндірісі» деген тіркеспен беруді ұсынамыз.

4. Сот баллистикалық сараптамасын жүргізуде «огнестрельное оружие» тіркесі қолданылады. «Орысша-қазақша сөздікте» аталған тіркес «*дәрімен атылатын қару*» деп аударылған. Алайда тәжірибеде «атыс қаруы» деп берілу де. «Огнестрельный» сөзі «огне+стрельный», яғни «огонь-от» және «стрелять-ату» сөзінің қосылуынан тұрады. «Огне» сөзі басқа сөзбен біріккенде «от», «оқ» деген мағынада аударылады. Демек «огне»-«оқ» сөзіне «стрелять»-«ату» сөзін қосу арқылы «оқатар» деген жаңа біріккен сөз пайда болады.

Жоғарыдағыларды негізге ала отырып, «огнестрельное оружие» тіркесін «*оқатар қару*» және синоним ретінде «*атыс қаруы*» деп аударуды ұсынамыз.

5. Сот құрылыс сараптамасында «перегородка» деген сөз қолданылады.

«Орысша-қазақша сөздікте» аталған тіркестің аудармасы «*қалқа, далда, таса, шымылдық*» деп аударылған, яғни бөлме ішіндегі қоршау, жеңіл-желпі қабырға деп түсінік берілген.

«Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» жоғарыдағы сөздерге төмендегідей түсіндірме берілген:

**Қалқа** – бір нәрсенің ық жағы, тасасы;

**Далда** – жасырын, таса жер, қаға беріс, қалтарыс;

**Таса** – қаға беріс жер, қалтарыс;

**Шымылдық** – төсек тұсын және театр сахнасын көлегейлеп қоятын матадан тігілген қалқан.


«Перегородить» сөзі «бөлу, қалқалау» деп аударылады. Мысалы, перегородить комнату – бөлмені бөлу. Демек, құрылыста сөздікте берілген сөздерді қолдану орынсыз. Себебі «перегородка» сөзі негізінде екі бөлмені бөліп тұратын қабырға, яғни екі арадағы қабырға түсініледі.

Сондықтан сот құрылыс сараптамасында «перегородка» сөзін «*арақабырға*» деп аударуды ұсынамыз.

**КЕМЕ ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ СӨЗДІГІ  
(ОРЫСША-АҒЫЛШЫНША-ҚАЗАҚША)  
МАМАНДАР ТАЛҚЫСЫНА ҰСЫНЫЛЫП ОТЫР**

*1. Корпус Судна – Ship’s Hull – Кеме тұрқы*

*1.1. Общее устройство. Сухогрузное судно – General arrangement.  
Dry cargo vessel – Жалпы құрылысы. Құрғақ жүк тасу кемесі*




1. Флаг	Flag	Ту
2. Флагшток	Flagstaff	Тутұғыр
3. Палуба юта	Roop deck	Ют едені
4. Ют	Roop	Ют
5. Верхняя палуба	Upper deck	Жоғарғы еден
6. Вторая палуба	Second deck	Екінші еден
7. Твиндек	Tweendeck	Еден арасы
8. Люк	Hatch	Люк
9. Грот-мачта	Main mast	Орталық дінгек
10. Шлюпочное устройство	Boat gear	Шлюпка құрылғысы



11. Труба	Funnel	Құбыр
12. Шлюпочная палуба	Boat deck	Шлюпка едені
13. Палуба ходового мостика	Navigating bridge deck	Қозғалыс көпірінің едені
14. Настил рулевой рубки	Wheel house top	Басқару рубкасының едені
15. Средняя надстройка	Midship superstructure	Орталық қондырма
16. Фок-мачта	Fore mast	Фок діңгек
17. Грузоподъемное устройство	Cargo handling gear	Жүк көтергіш құрылғы
18. Якорное устройство	Anchor gear	Зәкір құрылғысы
19. Бак	Forecastle	Бак
20. Форпик	Forepeak	Форпик
21. Цепной ящик	Chain locker	Шынжыр жәшігі
22. Переборка форпика	Forepeak bulkhead	Форпик қалқасы
23. Танк двойного дна	Double bottom tank	Қос түп танкі
24. Трюм	Hold	Трюм
25. Рубка	Deck house	Басқару бөлмесі
26. Поперечная переборка	Transverse bulkhead	Көлденең қалқа
27. Настил двойного дна	Double bottom plating	Қос түпті еден
28. Машинное отделение	Engine room	Машина бөлімі
29. Палуба надстройки	Superstructure deck	Қондырма едені
30. Котельное отделение	Boiler room	Қазандық бөлімі
31. Туннель гребного вала	Shaft	Ескіш біліктің қуысы
32. Переборка ахтерпика	Afterpeak bulkhead	Ахтерпик қалқасы
33. Ахтерпик	Afterpeak	Ахтерпик
34. Гребное устройство	Propulsion installation	Ескіш құрылғы
35. Рулевое устройство	Steering gear	Руль құрылғысы
36. Рулевое отделение	Steering compartment	Руль бөлімі
37. Отделение рулевой машины	Steering gear compartment	Руль машина бөлімі
38. Румпельное отделение	Tiller room, tiller compartment	Румпель бөлімі




1.2. Сечение по мидель-шпангоуту – Midship frame section – Мидель қабырға қимасы



1. Обделочный лист	Boundary plate	Қаптама табак
2. Ватервейс	Gutter, gutter waterway	Ватервейс
3. Угольник ватервейса	Gutter bar	Ватервейс бұрыштығы
4. Бимс	Beam	Бимс
5. Стойка	Stiffener	Тіреуіш
6. Машинная шахта	Machinery casing	Машина шахтасы
7. Стенка машинной шахты	Casing side	Машина шахтасының қабырғасы
8. Карлингс	Deck girder	Карлингс
9. Рамный бимс	Web beam	Жақтаулық бимс
10. Настил платформы	Platform plating	Тұғыр төсемі
11. Продольная полупереборка	Longitudinal half-bulkhead	Бойлық жартылай қалқа
12. Пиллерс	Pillar	Пиллерс
13. Фундамент под главный двигатель	Seating under main engine	Бас қозғалтқыш іргетасы
Машинный фундамент	Engine seating	Машина іргетасы
Котельный фундамент	Boiler seating	Қазандық іргетасы
14. Люковая крышка	Hatch cover	Люк қақпағы
15. Комингс люка	Hatch coaming	Люк жиегі
16. Палубный настил	Deck plating	Палубалық палубадік төсем

17. Фальшборт	Bulwark	Фальшборт
18. Бортовой стрингер	Side stringer	Борттық стрингер
19. Трюмный шпангоут	Hold frame	Трюм шпангоуты
20. Скуловой киль	Side keel, bilge keel	Бүйірлік киль
21. Настил двойного дна	Double bottom plating	Қос түп төсемі
22. Водонепроницаемый флор	Watertight floor	Су өткізбейтін флор
23. Горизонтальный киль	Flat plate keel, plate keel	Жазық киль
24. Вертикальный киль (внутренний)	Centre girder	Тік киль (ішкі)
25. Продольные днищевые балки	Bottom longitudinal stiffeners	Бойлық түп арқалықтары
26. Днищевой стрингер	Side girder	Түптік стрингер
27. Флор сплошной	Solid floor	Тұтас флор
28. Крайний междудонный лист	Margin plate	Шеткі түпаралық табак
29. Скуловая кница	Bilge bracket, frame bracket	Бүйірлік кница
30. Рамный шпангоут	Web frame	Жақтаулық шпангоут
31. Наружная обшивка	Shell plating	Сыртқы қаптау
32. Шпангоут	Frame	Шпангоут
33. Кница	Knee	Кница
34. Боковая переборка рубки	Deckhouse side	Басқару бөлмесіндегі бүйір қалқа
35. Открытый флор	Bracket floor	Ашық флор


### 1.3. Фальшборт – Bulwark – Фальшборт






1. Планширь	Gunwale	Планширь
2. Лист фальшборта, обшивка фальшборта	Bulwark plating	Фальшборт табағы, фальшборт қаптауы
3. Фланец	Flange	Ернемек
4. Стойка фальшборта	Stanchion	Фальшборт тіреуіші
5. Палубный стрингер	Stringer plate	Еден стрингері
6. Угольник стрингера	Stringer angle	Стрингер бұрыштығы
7. Ширстрек	Sheerstrake	Ширстрек
8. Штормовой портик	Freeing port	Дауыл портигі
9. Крышка штормового портика	Scupper shutter, flap cover	Дауыл портигінің қақпағы

**1.4. Растяжка наружной обшивки – Shell expansion – Сыртқы қаптау кергіші**



Пояся наружной обшивки	Strakes of shell plating	Сыртқы қаптау белдеулері
1. Ширстречный пояс Ширстрек	Sheerstrake Sheerstrake	Ширстрек белдеуі Ширстрек
2. Бортовые пояся Бортовая обшивка	Side plating strakes Side plating	Борт белдеулері Борт қаптауы
3. Скуловой пояс	Bilge strake	Бүйір белдеуі
4. Ледовый пояс	Ice strake	Мұз белдеу
5. Потерянный пояс	Stealer	Жоғалған белдеу
6. Килевой пояс	Keel plating	Киль белдеу
7. Шпунтовой пояс	Garboard strake	Шпунт белдеу
8. Днищевые пояся	Bottom strake	Түптік белдеулер
9. Стык	Butt	Түйіс
10. Паз	Seam	Ойық
11. Настил палубы	Deck plating	Еден төсемі
12. Наружная обшивка	Shell plating	Сыртқы қаптау
13. Бортовая обшивка в районе переменных ватерлиний Переменный пояс обшивки	Side plating in the area of loadlines Variable strake of shell plating	Өзгермелі ватерсызықтар ауданындағы борт қаптауы Қаптаудың өзгермелі белдеуі

- |                               |                         |                                |
|-------------------------------|-------------------------|--------------------------------|
| 14. Грузовая ватерлиния – ГВЛ | Load waterline – LWL    | Жүк ватерсызығы – ЖВС          |
| 15. Ватерлиния судна порожнем | Light waterline         | Бос кемеңің ватерсызығы        |
| Ватерлиния судна в балласте   | Light ballast waterline | Балластағы кемеңің ватерсызығы |
| 16. Осадка порожнем           | Light load draught      | Бос кездегі бату тереңдігі     |



**Определения**

Днищевая обшивка – наружная обшивка ниже верхнего закругления скулы

Бортовая обшивка – наружная обшивка от верхнего закругления скулы до нижней кромки ширстрека

**Definitions**

Bottom plating – shell plating below the upper turn of bilge


Side plating – shell plating from upper turn of bilge to lower edge of sheerstrake

**Анықтамалар**

Түп қаптауы – бүйірдің жоғарғы иілуінен төменгі сыртқы қаптау

Борт қаптауы – бүйірдің жоғарғы иілуінен ширстректің төменгі жиегіне дейінгі сыртқы қаптау


**1.5. Грузовая марка и марки углублений – Load line and draught marks – Жүк маркасы және тереңдік маркалары**



1. Грузовая марка
2. Надводный борт
3. Летняя ватерлиния
4. Марки углублений
5. Осадка
6. Мидель, средняя часть судна
7. Верхняя кромка кила

- Load line
- Freeboard
- Summer waterline
- Draught marks
- Draught, draft
- Midships, amidships
- Top of keel

- Жүк маркасы
- Су үсті борты
- Жазғы ватерсызық
- Тереңдік маркалары
- Бату тереңдігі
- Мидель, кемеңің орта бөлігі
- Килдің жоғарғы жиегі

**1.5.1. Грузовая марка – Load Line – Жүк маркасы**

1. Палубная линия	Deck line	Еден сызығы
2. Марки	Lines	Маркалар
3. Знак грузовой марки Диск Плимсоля	Load line mark Plimsoll disk	Жүк маркасының белгісі Плимсол дискі

**МАРКИ**

Л – Летняя грузовая марка  
З – Зимняя грузовая марка  
ЗСА – Зимняя грузовая марка для Северной Атлантики  
Т – Тропическая грузовая марка  
П – Грузовая марка для пресной воды летом  
ТП – Тропическая грузовая марка для пресной воды

**LINES**

S – Summer Load Line  
W – Winter Load Line  
WNA – Winter North Atlantic Load Line  
T – Tropical Load Line  
F – Fresh Water Load Line in summer  
TF – tropical Fresh Water

**МАРКАЛАР**

Ж – жазғы жүк маркасы  
Қ – қысқы жүк маркасы  
САҚ – Солтүстік Атлантика үшін қысқы жүк маркасы  
Т – тропиктік жүк маркасы  
АС – тұщы суға жазғы жүк маркасы  
АСТ – тропиктік тұщы суға жүк маркасы

**ЛЕСНЫЕ МАРКИ**

ЛЛ – Лесная летняя грузовая марка  
ЛЗ – Лесная зимняя грузовая марка  
ЛЗСА – Лесная зимняя грузовая марка для Северной Атлантики  
ЛТ – Лесная тропическая грузовая марка

**TIMBER LINES**

LS – Summer Timber Load Line  
LW – Winter Timber Load Line  
LWNA – Winter North Atlantic Timber Load Line  
LT – Tropical Timber Load Line

**АҒАШ МАРКАЛАРЫ**

ЖА – жазғы ағаш жүк маркасы  
ҚА – қысқы ағаш жүк маркасы  
САҚАЖМ – Солтүстік Атлантика үшін қысқы ағаш жүк маркасы  
ТА – тропиктік ағаш жүк маркасы



ЛП – Лесная грузовая марка для пресной воды летом

LF – Fresh Water Timber Load Line

ТСЖА – тұщы суға жазғы ағаш жүк маркасы



ЛТП – Лесная тропическая грузовая марка для пресной воды

LTF – Tropical Fresh Water Timber Load Line

ТСТАМ – тұщы суға тропиктік ағаш жүк маркасы


2. Устройства, Оборудование и Снабжение – Arrangements, Equipment and Outfit – Құрылғылар, Жарақтау мен Жабдықтау

2.1. Рулевое устройство – Steering gear – Руль құрылғысы



<i>I. Типы судовых рулей</i>	<i>Types of ship's rudders</i>	<i>Кеме рульдерінің түрлері</i>
<i>II. Типы насадок</i>	<i>Types of nozzles</i>	<i>Саптама түрлері</i>
1. Румпельное отделение	Steering compartment	Румпель бөлімі
2. Рулевая машина	Steering engine	Рульдік машина
3. Рулевой привод	Steering gear	Рульдік жетек
4. Рулевая колонка, тумба штурвала	Steering column	Рульдік бағана, штурвал тапалтағы
5. Рулевая рубка	Wheelhouse	Рульдік рубка
6. Подруливающее устройство	Steering propeller, thruster	Рульдеу құрылғысы
Носовое подруливающее устройство	Bow thruster	Тұмсықтағы рульдеу құрылғысы
Кормовое подруливающее устройство	Stern thruster	Артқы рульдеу құрылғысы
7. Насадка	Nozzle	Саптама
8. Руль	Rudder	Руль
9. Обычный (простой) руль	Ordinary rudder, unbalanced rudder	Әдеттегі руль
10. Балансирный руль	Balanced rudder	Теңгергішті руль
11. Полубалансирный руль	Semi-balanced rudder	Жартылай теңгеру рулі
12. Подвесной руль	Suspended rudder, underhung rudder	Аспалы руль
13. Полуподвесной руль	Semi-suspended rudder	Жартылай аспалы руль
14. Активный руль	Active rudder	Белсенді руль
15. Ускоряющая насадка	Accelerating nozzle	Жеделдеткіш саптама
Насадка Корта	Kort nozzle	Корт саптамасы
Гребной винт с насадкой Корта	Kort nozzle propeller	Корт саптамалы ескіш винт
16. Замедляющая насадка	Decelerating nozzle	Бәсеңдеткіш саптама
17. Поворотная направляющая насадка	Steering nozzle, nozzle rudder	Бұрылмалы бағыттағыш саптама

2.1.1. Руль и ахтерштевень – Rudder and sternframe – Руль және ахтерштевень



I. Обычный руль

1. Старнпост
2. Верхний рулевой штырь  
Рулевой штырь с головкой  
в нижней части
3. Рудерпост
4. Промежуточный  
рулевой штырь
5. Петля рудерпоста
6. Петля руля
7. Яблоко старнпоста
8. Нижний рулевой штырь
9. Пятка ахтерштевня
10. Руль, Перо руля
11. Рудерпис

Ordinary rudder


- Sternpost
- Top rudder pintle  
Locking pintle
- Rudderpost
- Intermediate  
rudder pintle
- Gudgeon
- Rudder snug
- Propeller post boss
- Bearing pintle
- Sole piece
- Rudder blade
- Rudder piece

Әдеттегі руль

- Старнпост
- Жоғарғы руль істігі  
